

«Кристал Менеджмент» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

*2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін,
тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен қоса*

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	1
Жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есеп	2
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп.....	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	4
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер	6-43

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Кристалл Менеджмент» АҚ-ның акционерлеріне, директорлар кеңесі мен басшылығына

Ескертпесі бар пікір

Біз «Кристалл Менеджмент» АҚ мен оның еншілес ұйымының (бұдан әрі - «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының маңызды ережелері туралы ақпаратты қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің ойымызша, есебіміздің «Ескертпесі бар пікірді білдіру үшін негіз» бөлімінде баяндалған жағдайлардың әсерін қоспағанда, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның шоғырландырылған қаржылық нәтижелері мен Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысын шынайы етіп көрсетеді.

Ескертпесі бар пікірді білдіру негізі

Топтың негізгі құралдарға қатысты есеп саясаты қайта бағаланған құны бойынша есепке алу моделі болып табылады. Есеп саясаты мен «Негізгі құралдар» 16 ХҚЕС-тің (IAS) талаптарына сай, негізгі құралдарды қайта бағалау амалы негізгі құралдардың баланстық құны есепті күнге оның әділ құнынан ерекшеленбейтіндігін қамтамасыз ету үшін жеткілікті тұрақтылықпен жасалуы тиіс.

Топтың негізгі құралдарының соңғы қайта бағалануы 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жүргізілді. 2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша негізгі құралдардың әділ құны соңғы рет қайта бағаланған күннен айтарлықтай өзгергеніне нұсқайтын бірқатар факторлар бар. ХҚЕС-тің бұл сәйкессіздігінің шоғырландырылған қаржылық есептілікке ықпалы айқындалмады.

«Резервтер, шартты міндеттемелер және шартты активтер» 37 ХҚЕС (IAS) талаптарына сай Топ осы міндеттемені өтеу үшін экономикалық пайданың кетуін талап ететін өткен оқиғаның нәтижесінде туындаған міндеттемені мойындауы қажет. Топ Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде талап етілетін газтурбиналық электр станциясына қатысты пайдалану салдарын жоюға арналған резервті мойындамады. ХҚЕС-тің бұл сәйкессіздігінің шоғырландырылған қаржылық есептілікке ықпалы айқындалмады.

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және біздің шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне Қазақстан Республикасында қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер ескертпесі бар өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Қызметтің үздіксіздігіне қатысты елеулі белгісіздік

Біз шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 2-ескертпесіне назар аудартып отырмыз, онда Топ 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде 2.942.367 мың теңге сомада таза залал шеккені және осы күнге Топтың ағымдағы міндеттемелері оның айналымдағы активтерінен 23.616.332 мың теңгеге асқандығы көрсетілген. 2-ескертпеде көрсетілгендей, бұл оқиғалар немесе талаптар, сондай-ақ, 2-ескертпеде баяндалған басқа да жағдайлар, Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде едәуір күмән туғызуы мүмкін елеулі белгісіздіктің болуына нұсқайды. Біз осы мәселеге орай түрлендірілген пікірімізді білдіріп отырған жоқпыз.

Аудиттің басты мәселелері

Аудиттің басты мәселелері – біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.

Біз есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселені қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің басты мәселесі	Тиісті басты мәселе аудитіміздің барысында қалайша қарастырылды
-------------------------	---

Барлау және бағалау активтерінің құнсыздануына тексеру

Топ солардың баланстық құны елеулі болып табылатын барлау және бағалау активтерінің ықтимал құнсыздану белгілерінің болуына талдау жасайды.

Барлау және бағалау активтерінің құнсыздану индикаторларының болуын тексеру басшылықтан пайымдаулар мен бағалауды қолдануды қажет етеді, осыған орай бұл мәселе аудит үшін барынша маңызды мәселелердің бірі болды.

Барлау және бағалау активтерінің есеп саясатының маңызды ережелері туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 3-ескертпесінде ашылып көрсетілген.

Біз Топ барлау және бағалау активтерінің құнсыздану белгілеріне жасаған талдауын қарастырдық. Біз басшылық барлау және бағалау активтерінің құнсыздану индикаторларының бар-жоғын тексеру кезінде қолданған пайымдаулар мен бағалауды сараладық. Біз барлау келісімшартын және оған қосымша келісімдерді зерделедік, онда соның ішінде Топтың келісімшарттық аумақта барлауды жүргізуге құқығы бар қолданылу мерзімі туралы ақпарат қамтылған. Біз жұмыс бағдарламасын қарастырдық, онда 2024 жыл ішінде одан кейінгі барлау мен бағалауға арналған күтілетін шығыстар көзделген. Біз басшылық ұсынған құжаттар мен барлау келісімін ұзартуға арналған хат-хабарларды қарастырдық.

Біз ақпараттың шоғырландырылған қаржылық есептілікте тиісінше ашылып көрсетілуін қарастырдық.

Басшылықтың және директорлар кеңесінің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Директорлар кеңесі Топтың қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз;

- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін ұйымның қаржылық ақпаратына және Топ ішіндегі шаруашылық қызметке қатысты жеткілікті болатын лайықты аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз жалпы басшылық ету, бақылау және Топ аудитінің жүргізілуі үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз директорлар кеңесінің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз директорлар кеңесіне тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және оны барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда – қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз директорлар кеңесінің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің басты мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты басшы, - Ольга Хегай.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Ольга Хегай
Аудитор

Аудитордың 2015 жылғы 25 қыркүйектегі
№ МФ-0000286 біліктілік куәлігі



Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасының аумағында
аудиторлық қызметпен айналысуға арналған
мемлекеттік лицензия сериясы МФЮ - 2, №
0000003, Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігімен 2005 жылы 15 шілдеде
берілді

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2024 жылғы 30 мамыр

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2023 жылғы 31 желтоқсанға

Мың теңгемен	Ескерт.	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
Активтер			
Айналымнан тыс активтер			
Материалдық емес активтер	5	86.657	86.657
Негізгі құралдар	6	35.136.716	18.055.225
Барлау және бағалау активтері	7	10.410.374	28.673.711
Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар	10	809.988	559.208
Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты	11	355.071	352.876
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер	23	3.222.990	2.106.478
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		90.173	128.264
		50.111.969	49.962.419
Айналымдағы активтер			
Тауар-материалдық қорлар	8	655.470	335.072
Сауда және басқа да дебиторлық берешек	9	350.452	279.172
Берілген аванстар	10	117.343	47.494
Өтелуге жататын ҚҚС		30.044	41.203
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		621	81.913
Өтелуге жататын басқа да салықтар		29.391	36.040
Алынуға жататын сыйақылар		3.953	4.477
Басқа да айналымдағы қаржылық емес активтер		10.256	9.741
Ақша қаражаты мен оның баламалары	11	308.685	382.265
		1.506.215	1.217.377
Активтердің жиыны		51.618.184	51.179.796
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Акционерлік капитал	12	35.670.200	35.670.200
Қосымша төленген капитал		1.617.749	1.617.749
Жинақталған залал		(13.585.873)	(10.643.506)
Капитал жиыны		23.702.076	26.644.443
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Пайыздық қарыздар	13	-	1.470.892
Жалдау бойынша міндеттемелер		53.702	90.053
Келісімшарттар бойынша бағалау міндеттемелері	14	555.683	619.009
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	23	2.184.176	2.503.670
		2.793.561	4.683.624
Ағымдағы міндеттемелер			
Пайыздық қарыздар	13	15.248.947	18.721.691
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	15	1.398.478	788.436
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер	16	8.056.045	108.477
Төленуге жататын басқа да салықтар		161.690	139.202
Төленуге жататын корпоративтік табыс салығы		58.500	-
Жалдау бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі		51.075	51.075
Келісімшарттар бойынша бағалау міндеттемелерінің ағымдағы бөлігі	14	96.851	-
Басқа да ағымдағы міндеттемелер		50.961	42.848
		25.122.547	19.851.729
Капитал мен міндеттемелер жиыны		51.618.184	51.179.796

Бас директор

Бас бухгалтер



Д. Сайзинұлы

А. Род

6-44 бет аралығындағы есеп саясаты мен түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ ЗИЯН ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2023 жыл	2022 жыл
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	17	8.940.056	8.130.994
Өткізудің өзіндік құны	18	(5.679.392)	(5.675.366)
Жалпы пайда		3.260.664	2.455.628
Жалпы және өкімшілік шығыстар	19	(938.632)	(960.499)
Сату бойынша шығыстар	20	(442.656)	(485.124)
Басқа да кірістер		83.770	25.003
Басқа да шығыстар	22	(2.097.644)	(205.328)
Операциялық қызметтен түскен пайда		(134.498)	829.680
Қаржылық кірістер		69.135	108.195
Қаржылық шығындар	21	(3.868.234)	(2.684.769)
Бағамдық айырма, нетто		145.405	(70.503)
Салық салынғанға дейінгі зиян		(3.788.192)	(1.817.397)
Табыс салығы бойынша үнемділік	23	845.825	340.467
Бір жылғы таза зиян		(2.942.367)	(1.476.930)
Табыс салығы шегерілген бір жылғы жиынтық залал жиыны		(2.942.367)	(1.476.930)

Бас директор

Бас бухгалтер



Д. Сайзинұлы

А. Род

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Жинақталған залал	Жиыны
2022 жылғы 1 қаңтарға		35.670.200	1.617.749	(9.166.576)	28.121.373
Бір жылғы таза зиян		—	—	(1.476.930)	(1.476.930)
Бір жылғы жиынтық зиян жиыны		—	—	(1.476.930)	(1.476.930)
2022 жылғы 31 желтоқсанға	12	35.670.200	1.617.749	(10.643.506)	26.644.443
Бір жылғы таза зиян		—	—	(2.942.367)	(2.942.367)
Бір жылғы жиынтық зиян жиыны		—	—	(2.942.367)	(2.942.367)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	12	35.670.200	1.617.749	(13.585.873)	23.702.076

Бас директор

Бас бухгалтер



АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2023 жыл	2022 жыл
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Салық салынғанға дейінгі зиян		(3.788.192)	(1.817.397)
Мыналарға түзетулер:			
Тозу және амортизация	18, 19, 20	2.260.511	2.304.646
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептелген шығыстардағы өзгеріс		73.389	65.717
Іске асырылмаған бағамдық айырма, нетто		(145.405)	70.503
Негізгі құралдардың шығуынан болған залал	22	4.042	12.538
Қаржылық кірістер		(69.135)	(108.195)
Қаржылық шығындар	21	3.868.234	2.684.769
Барлау активтерінің құнын есептен шығару	22	1.960.964	-
Айналым капиталының өзгерісіне дейінгі операциялық қызметтен болған ақша ағындары		4.164.408	3.212.581
Операциялық активтердің (көбеюі) / азаюы			
Тауар-материалдық қорлар		(320.398)	(29.680)
Сауда және басқа да дебиторлық берешек		(71.280)	(57.020)
Берілген аванстар		(69.849)	127.187
Өтелуге жататын басқа да салықтар		99.095	(109.970)
Басқа да айналымдағы активтер		(518)	30.422
Операциялық міндеттемелердің (азаяуы) / ұлғаюы			
Сауда және басқа да кредиторлық берешек		(489.016)	545.702
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер		7.947.568	(139.350)
Келісімшарттар бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігін өтеу	14	(72.638)	-
Төленуге жататын басқа да салықтар		(60.735)	75.214
Басқа да ағымдағы міндеттемелер		(65.276)	(85.423)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты		11.061.361	3.569.663
Алынған пайыздар		59.207	88.900
Төленген пайыздар	26	(3.924.206)	(2.875.830)
Төленген корпоративтік табыс салығы		(438.512)	(508.530)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары		6.757.850	274.203
Инвестициялық қызметтен болатын ақша ағындары			
Негізгі құралдарды сатып алу		(2.016.236)	(620.450)
Тестілік мұнайды сату		298.152	1.280.868
Барлау және бағалау бойынша активтерді сатып алу		(439.939)	(1.094.879)
Депозит бойынша түсімдер		(8.462)	-
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(2.166.485)	(434.461)
Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары			
Қарыздар алу	26	13.090.142	16.940.000
Жалдау бойынша міндеттемелердің негізгі сомасын өтеу		(51.075)	(5.146)
Қарыздарды өтеу	26	(17.704.133)	(17.699.118)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(4.665.066)	(764.264)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгеруі		(73.701)	(924.522)
Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша айырбастау бағамдарындағы өзгерістердің ықпалы		121	6.174
1 қаңтарға ақша қаражаты мен оның баламалары		382.265	1.300.613
31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары	11	308.685	382.265

АҚШАЛАЙ ЕМЕС ОПЕРАЦИЯЛАР

Келесі ақшалай емес операциялар ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен алынып тасталды:

Барлау және бағалау бойынша активтерді сатып алу

2023 жылы 1.106.627 мың теңге сомаға барлау және бағалау бойынша активтерге түсу сауда кредиторлық берешекті ұлғайту есебінен қаржыландырылды (15-ескертпе).

Бас директор

Бас бухгалтер



6-44 бет аралығындағы есеп саясаты мен түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Кристалл Менеджмент» АҚ (бұдан әрі – «Компания») жауапкершілігі шектеулі серіктестікті 2017 жылғы 10 наурызда қайта ұйымдастыра отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған акционерлік қоғам болып табылады. Серіктестіктің алғаш рет тіркеуге алынған күні - 2007 жылғы 4 желтоқсан.

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания акционерлері мыналар болып табылады:

	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
«Joint Resources» АҚ	51%	51%
«EuroAsia Construction» ЖШС	24,5%	24,5%
«Позитив-А» АҚ	15%	15%
«FCI Management LLP» ЖШС	9,5%	9,5%

2023 жылғы 15 ақпанда «Joint Resources» АҚ мен «FCI Management LLP» ЖШС сенімгерлік басқару шарты бойынша оларға тиесілі Компания акцияларын «Corp-management» ЖШС-не берді. 2023 жылғы 26 желтоқсанда «Joint Resources» АҚ өзіне тиесілі Компания акцияларын сенімгерлік басқару шарты бойынша «Intelligent Consulting Solution» ЖШС-не берді. «Intelligent Consulting Solution» ЖШС құрылтайшысы А. А. Әубәкіров болып табылады. «Joint Resources» АҚ-ның жалғыз акционері Қазақстан Республикасының азаматы Т.А. Кулибаев болып табылады.

2022 жылғы 8 шілдеде Топ «АЛМЭКС ПЛЮС» Фирмасы ЖШС-нен «Green Power Generation» АҚ («Еншілес ұйым») қатысу үлесінің 100%-ын сатып алды. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке Компанияның және оның еншілес ұйымының (бұдан әрі бірлесіп «Топ» деп аталады) қаржылық есептілігі кіреді.

Топ қызметінің негізгі бағыты энергиямен қамсыздандыратын кәсіпорындарға электр энергиясын өндіру және өткізу болып табылады. 2010 жылғы қаңтарда Топ Қызылорда облысының Ақшабұлақ кен орнында (Қызылорда қаласынан 120 км) орналасқан, қуаттылығы 87,03 МВт болатын газтурбиналы электрстанциясының (ГТЭС) құрылысын бастады. Станцияның құрылысы толығымен аяқталып, 2012 жылдың маусымында пайдалануға берілді. Газ-турбиналы электр станциясы «Қазгермұнай» БК» ЖШС беретін құрғақ жағар газдың негізінде жұмыс істейді. ГТЭС іске қосылған сәттен бастап және 2014 жылдың мамырына дейін газ «Қазгермұнай» БК» ЖШС-пен жасалған құрғақ жағар газды жеткізу туралы келісімшарттың негізінде жеткізіледі. 2014 жылғы мамырдан бастап газ «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-мен 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімге жасалған келісімшарттар бойынша жеткізіледі.

2014 жылғы 7 ақпанда Топ Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрлігімен № 3996-УВС Қызылорда, Ақтөбе және Қарағанды облыстарында орналасқан учаскенің аумағында көмірсутекті ресурстарды барлауға арналған жер қойнауын пайдалану келісімшартын (бұдан әрі - «Негізгі келісімшарт») жасады. Жер қойнауын пайдалануға арналған негізгі келісімшарт 6 жыл мерзімге жасалған. 2020 жылғы 20 қаңтарда Негізгі келісімшартқа № 7 Қосымша келісімге қол қойылды, оған сәйкес Негізгі келісімшарт «Барлау мен өндіруге арналған келісімшарт» деп атала бастады, оның мазмұны жаңа «ҚР Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодексінің» талаптарына сәйкес келе бастады. Негізгі келісімшарттың мерзімі 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды. 2020 жылғы 22 қыркүйекте № 8 Қосымша келісімге қол қойылды, соған сай Негізгі келісімшарттың мерзімі 2023 жылғы 31 қазанға дейін ұзартылды. 2023 жылы тестілік өндіру шеңберінде Топ 2,441 тонна (2022 жыл: 12,227 тонна) мұнайды өндіріп, сатты.

2023 жылы 2014 жылғы 7 ақпандағы №3996-УВС келісімшарты бойынша келісімшарттық аумақтан жер қойнауын пайдаланудың жекелеген келісімшарттарына (бұдан әрі 2014 жылғы 7 ақпандағы №3996-УВС келісімшартымен бірлесіп – «Келісімшарттар») мынадай кен орындары бөлінді:

1. Қаракөл кен орны 2023 жылғы 17 қазандағы №5276-УВС өндіру келісімшартына 2048 жылғы 2 мамырға дейінгі мерзімге бөлінді.
2. Солтүстік Майбұлақ және Егізқара кен орындары 2023 жылғы 30 қазандағы №5284-УВС барлау және өндіру келісімшартына 2026 жылғы 30 қарашаға дейінгі мерзімге бөлінді. Оған сондай-ақ Қарамай, Оңтүстік-Шығыс Досжан және Батыс Қоныс перспективалы құрылымдары кірді. Осы Келісімшарт бойынша көмірсутектерді барлау жалғасатын болады.

Осылайша, 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2014 жылғы 7 ақпандағы №3996-УВС келісімшарты бойынша келісімшарттық аумақтың құрамында келесі кен орындары қалды:

1. Оңтүстік Жіңішкеқұм, сынақты пайдалану сатысында;
2. Сұлутабан, дайындық кезеңінде;
3. Бестөбе, дайындық кезеңінде.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

2023 жылғы 30 қазандағы №13 Қосымша келісіммен 2014 жылғы 7 ақпандағы № 3996-УВС келісімшартының мерзімі 2026 жылғы 17 қарашаға дейін ұзартылды.

Компанияның заңды мекенжайы мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Чайковский көшесі 95-үй. Топтың 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығаруға Бас директор мен Бас бухгалтер 2024 жылғы 30 мамырда бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес («ХҚЕС жөніндегі Кеңес») жариялаған редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік келесі баптарды қоспағанда, бастапқы құнның негізінде әзірленді: 2016 жылдың 1 тамызынан бастап қайта бағаланған құны бойынша ескерілетін негізгі құралдар, мұнай-газ активтерін қоспағанда, және есеп саясаты мен осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде сипатталған басқа да баптар.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ (жалғасы)

Шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен берілген және арнайы келісілген жағдайларды қоспағанда, бұл шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі барлық мәндер мың теңгеге жуықталған.

Үздіксіз қызмет қағидаты

Шоғырландырылған қаржылық есептілік қызметтің үздіксіздік қағидатының негізінде әзірленген, әрі ол әдеттегі қызметтің барысында әдеттегі қызметтің жалғастырылуын, активтердің өткізілуін және міндеттемелердің өтелуін көздейді.

Топ 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 2.942.367 мың теңге (2022 жыл ішінде: 1.476.930 мың теңге) сомасында таза залал шекті және есепті күнге Топтың ағымдағы міндеттемелері оның ағымдағы активтерінен 23.616.332 мың теңгеге асты (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 18.634.352 мың теңгеге).

Топтың банк қарыздарын өтеу, сауда кредиторлық берешекті төлеу, жоспарланған барлау және бағалау қызметін жалғастыру әрі үздіксіз қызмет қағидатын қолдау қабілеті Топтың таяу арада қосымша ақша қаражатын тартуына байланысты болады. Осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің күніне басшылықтың Топ Компания акционерлерінен немесе байланысты тараптардан банк қарыздарын өтеу үшін қосымша қаражатты тарту арқылы өз қызметін үздіксіз жүзеге асыра алады және кредиттік келісімдердің талаптарын келесі он екі айдың ішінде сәтті реттей алады деп есептеуіне жеткілікті негіздері бар. Жоғарыда аталған талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде күмән тудыра алатын елеулі белгісіздіктің болуына нұсқайды.

Бұл шоғырландырылған қаржылық есептілікке активтердің ескерілген сомалардың өтелуіне және жіктелуіне қатысы бар немесе егер Топ өз қызметін үзіліссіз негізде жүзеге асыра алмаған жағдайда, қажет болып қалуы мүмкін сомалар мен міндеттемелердің жіктелуіне қатысты қандай да бір түзетулер жатпайды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Топ 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енетін бірқатар стандарттар мен түзетулерді алғаш рет қолданды (егер өзгесі көрсетілмесе). Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»

17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары» ақпаратты ашып көрсету мен бағалау, ұсыну және ашып көрсету мәселелерін қарастыратын сақтандыру шарттары үшін қаржылық есептіліктің жаңа ауқымды стандарты болып табылады. 17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары» 4 ХҚЕС-ті (IFRS) ауыстырады. 17 ХҚЕС (IFRS) оларды шығаратын ұйымның түріне қарамастан сақтандыру шарттардың барлық түрлеріне (яғни өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан ерекшеленетін сақтандыру, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарына), сондай-ақ дискрециялық қатысу талаптарымен белгілі бір кепілдіктер мен қаржы құралдарына қолданылады. Қолданылу аясынан бірнеше ерекшелік бар. 17 ХҚЕС (IFRS) негізгі мақсаты сақтандыру шарттарын есепке алудың кешенді моделін ұсыну болып табылады, әрі ол сақтандырушылар үшін барынша тиімді әрі бірізді болып табылады және есепке алудың барлық маңызды жақтарын камтиды. 17 ХҚЕС-тің (IFRS) негізінде келесімен толықтырылған ортақ модель жатыр:

- тікелей қатысу талаптарымен сақтандыру шарттары үшін белгілі бір түрлендірулер (ауыспалы сыйақы әдісі);
- жеңілдетілген тәсіл (сыйлықақыны бөлу негізіндегі тәсіл) негізінен қысқа мерзімді шарттарға арналған.

Жаңа стандарт Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Бухгалтерлік бағалауды айқындау»

8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулерде бухгалтерлік бағалардағы өзгерістер мен есеп саясатындағы өзгерістер және қателерді түзету арасындағы айырмашылық түсіндіріледі. Сонымен бірге, құжатта ұйымдардың бухгалтерлік бағаларды әзірлеу үшін өлшеу әдістерін және бастапқы деректерді қалайша пайдаланатындығы түсіндіріледі.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1 ХҚЕС-ке (IAS) және «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашып көрсету» ХҚЕС-ті қолдану жөніндегі №2 іс жүзіндегі ұсынымдарға түзетулер

1 ХҚЕС-ке (IAS) және «Маңыздылық туралы пайымдауларды қалыптастыру» ХҚЕС-ті қолдану жөніндегі №2 іс жүзіндегі ұсынымдарға түзетулер ұйымдарға есеп саясаты туралы ақпаратты ашып көрсету кезінде маңыздылық туралы пайымдауды қолдануға көмектесетін нұсқаулық пен мысалдарды қамтиды. Түзетулер ұйымдарға ұйымдардың есеп саясатының «елеулі ережелерін» ашып көрсетуі туралы талапты есеп саясаты туралы «маңызды ақпаратты» ашып көрсету туралы талапқа ауыстыру есебінен, сондай-ақ ұйымдардың есеп саясаты туралы ақпаратты ашып көрсетуі туралы шешімдерді қабылдауы кезінде маңыздылық ұғымын қалайша қолдануы тиіс екендігіне қатысты нұсқаулықты қосу есебінен есеп саясаты туралы барынша пайдалы ақпаратты ашып көрсетуге көмектесуі тиіс.

Бұл түзетулер Топтың есеп саясаты туралы ақпаратты ашуына әсер етті, бірақ Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіндегі кез келген баптарды бағалауға, тануға немесе ұсынуға әсер етпеді.

«Бір операцияның нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық» 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

«Пайдаға салынатын салықтар» 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер бастапқы тануға қатысты алып тастауды қолдану аясын тарылтады, осылайша ол бұдан былай салық салынатын және шегерілетін уақыт айырмаларының тең болуына әкелетін операцияларға қолданылмайды, мысалы, объектілерді жалға алу немесе пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелер жағдайында.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Халықаралық салық реформасы – Pillar II үлгілік ережелері»

12 ХҚЕС-ке (IAS) осы түзетулер ЭИДҰ BEPS жобасы шеңберінде екінші компоненттің (Pillar II) қағидаларын қабылдау нәтижесінде шығарылды және мыналарды көздейді:

- заңнамаға Pillar II үлгілік ережелерін енгізуге байланысты туындайтын кейінге қалдырылған салықтарды танудан және ашып көрсетуден міндетті түрде уақытша босатуды, және
- жаңа заңнамаға жататын ұйымдардың қаржылық есептілігін пайдаланушыларға осы ұйымдарға заңнамада көзделген табыс салығы Pillar II ережелеріне сәйкес, оның ішінде ол күшіне енгенге дейін қандай әсер ететінін жақсы түсінуге көмектесетін ақпаратты ашуға қойылатын талаптар.

Міндетті уақытша босату өзгерістер енгізілген сәттен бастап дереу қолданылады, бұл ретте оның қолданылуы туралы ақпаратты ашып көрсету талап етіледі. Ақпаратты ашып көрсетуге қойылатын қалған талаптар 2023 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады, бірақ 2023 жылғы 31 желтоқсанда немесе осы күнге дейін аяқталатын аралық кезеңдерге қатысты қолданылмайды.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ, өйткені Топтың жылдық кірісі €750 млн аспайды, осыған байланысты Pillar II үлгілік ережелері Топқа қатысты қолданылмайды.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Топтың қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер келтіріледі. Топ осы стандарттарды, түзетулер мен түсіндірмелерді, егер қолданылатын болса, олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр.

16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер - «Кері жалдау арқылы сату операциясының шеңберіндегі жалдау міндеттемесі»

2022 жылғы қыркүйекте ХҚЕС жөніндегі Кеңес сатушы-жалға алушының сатушы-жалға алушыда сақталатын пайдалану құқығына қатысты кез келген пайда немесе зиян сомасын мойындауын болдырмау үшін сатушы-жалға алушы кері жалдау операциясынан туындайтын жалдау міндеттемесін бағалау кезінде пайдаланатын талаптарды нақтылайтын 16 ХҚЕС (IFRS) түзетулерін шығарды.

Түзетулер 2024 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді және 16 ХҚЕС (IFRS) бастапқы қолданылу күнінен кейін жасалған кері жалдаумен сату мәмілелеріне ретроспективті түрде қолданылуы керек.

Бұл фактінің ашылып көрсетілу талабымен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

Бұл түзетулер Топтың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбейді деп күтілуде.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу»

2020 жылғы қаңтарда және 2022 жылғы қазанда ХҚЕС жөніндегі Кеңес 1 ХҚЕС-тің (IAS) 69-76 тармақтарына түзетулерді шығарды, оларда міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді етіп жіктеуге қатысты талаптар түсіндіріледі. Түзетулерде мыналар түсіндіріледі:

- міндеттемелерді реттеу мерзімін кейінге қалдыру құқығы деп нені түсінуге болады;
- міндеттемелерді реттеу мерзімін кейінге қалдыру құқығы есепті кезеңнің соңына болуы тиіс;
- міндеттемелердің жіктелуіне ұйымның міндеттемелерді реттеу мерзімін кейінге қалдыру құқығын орындау ықтималдылығы да ықпалын тигізбейді;
- міндеттеменің талаптары оның жіктелуіне ықпалын тигізбейді, тек егер айырбасталатын міндеттемеге ендірілген туынды құрал өз бетімен үлестік құрал болып табылмаса ғана.

Сонымен қатар, кредиттік келісімге байланысты туындайтын міндеттеме ұзақ мерзімді болып жіктелген және ұйымның осы міндеттемені реттеуді кейінге қалдыру құқығы он екі ай ішінде болашақ ковенанттардың сақталуына байланысты болатын жағдайларда ақпаратты ашу туралы талап енгізілді.

Бұл түзетулер 2024 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді және ретроспективті түрде қолданылады. Қазіргі уақытта Топ бұл түзетулердің міндеттемелердің ағымдағы жіктелуіне ықтимал ықпалын және қолданыстағы қарыз шарттары бойынша талаптарды қайта қарау қажеттілігін саралайды.

7 ХҚЕС-ке (IAS) және 7 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер - «Өнім жеткізушілерді қаржыландыру туралы келісімдер»

2023 жылғы мамырда Кеңес 7 ХҚЕС-ке (IAS) «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» және 7 ХҚЕС-ке (IFRS) «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» түзетулерін шығарды, онда жеткізушілерді қаржыландыру туралы келісімдердің сипаттамалары сипатталған және осындай келісімдер туралы қосымша ақпаратты ашуға қатысты талаптар қамтылған. Ақпаратты ашуға қойылатын талаптар қаржылық есептілікті пайдаланушыларға өнім жеткізушілерді қаржыландыру келісімдерінің ұйымның міндеттемелеріне, оның ақша ағындарына және өтімділік тәуекеліне ұшырағыштығын түсінуге көмектесуге бағытталған.

Түзетулер 2024 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Бұл фактінің ашылып көрсетілу талабымен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

Бұл түзетулер Топтың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбейді деп күтілуде.

Активтер мен міндеттемелерді айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді етіп жіктеу

Қаржылық жағдай туралы есепте Топ активтер мен міндеттемелерді олардың айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив мына жағдайларда, егер:

- Оны сату болжанса немесе ол әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде сатуға немесе тұтынуға арналса;
- Оны есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) айдың ішінде өткізу болжанса; немесе
- Есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе айырбастауға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаражатын немесе оның баламаларын білдіреді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Активтер мен міндеттемелерді айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді етіп жіктеу (жалғасы)**

Барлық басқа активтер айналымнан тыс ретінде жіктеледі.

Міндеттеме мына жағдайларда ағымдағы болып табылады, егер:

- Оны әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде өтеу болжанса;
- Ол есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) айдың ішінде өтелуге тиіс болса; немесе
- Топтың есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде міндеттемелердің өтелу мерзімін ұзартуға сөзсіз құқығы болмаса.

Топ барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Кейінгі қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер айналымнан тыс/ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Шетел валютасындағы операциялар

Шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен білдірілген. Теңге функционалдық валюта және Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін білдіру валютасы болып табылады.

Шетел валюталарындағы операциялар бастапқыда операцияның жасалу күніне қолданылатын бағам бойынша функционалдық валютада ескеріледі. Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын функционалды валютаның ресми нарықтық бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық бағамдық айырмалар жиынтық зиян туралы есепте көрсетіледі. Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күнге қайта есептеледі. Әділ құн бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес активтер әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша бағаланатын монетарлық емес баптарды кері қайта есептеу бойынша туындайтын кірістер немесе шығындар мұндай баптың әділ құнының өзгеруінен кірістерді немесе шығындарды мойындауға сәйкес қаралады (яғни әділ құны бойынша кірісі немесе шығыны басқа жиынтық кірісте немесе пайда мен шығындарда танылатын баптар бойынша бағамдық айырма, сондай-ақ тиісінше басқа да жиынтық кірісте немесе пайда мен шығындарда танылады).

Валютаны сатып алу/сату мәмілелерімен байланысты операциялар басқа кірістер мен шығыстардың құрамында сомалық айырма ретінде ескеріледі.

Қазақстан Республикасында ресми айырбастау бағамдары ретінде Қазақстан қор биржасында («ҚҚБ») белгіленген орташа алынған валюта бағамдары қолданылады.

Бұл шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде теңгеге қатысты шетел валюталарының келесі айырбастау бағамдары пайдаланылды:

Жыл соңындағы айырбастау бағамы (теңгеге)	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
1 АҚШ доллары	454,56	462,65
1 еуро	502,24	492,86
1 жапон йенасы	3,2	3,5
Бір жылғы орташа айырбастау бағамы (теңгеге)	2023 жыл	2022 жыл
1 АҚШ доллары	456,24	458,77
1 еуро	493,19	481,73
1 жапон йенасы	3,25	3,49

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Негізгі құралдар**

Негізгі құралдар бастапқыда өзіндік құны бойынша танылады. Мұнай-газ активтерін қоспағанда, негізгі құралдарды кейінгі есепке алу жинақталған амортизацияны (жерден және аяқталмаған өндірістен басқа) және қайта бағалау күнінен кейін танылған құнсызданудан болатын зиянды, олар болған жағдайда, шегере отырып әділ құны бойынша жүзеге асырылады.

Топ өзінің негізгі құралдарын оларды ауыстырудың әділ құнына дейін қайта бағалау жүргізу үшін кезең-кезеңімен тәуелсіз сарапшыларды тартады.

Қайта бағалаудан құнның өсуі өзге де жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі және меншікті капиталдың құрамына кіретін активтерді, оның осы активтің құнын қайта бағалау салдарынан болған және пайда немесе зиян құрамында бұрын жасалған қайта бағалау салдарынан танылған мұндай активтерді қайта бағалаудан болған залалды қалпына келтіретін бөлікті қоспағанда, активтерді қайта бағалау резерві қорының артуына жатады. Қайта бағалаудан болатын залал оның бұрын активті қайта бағалау резерві қорының құрамында танылған осы актив бойынша оң қайта бағалауын тікелей кемітетін бөлігін қоспағанда пайда немесе зиян құрамында танылады.

Активтің қайта бағаланған баланстық құны негізінде есептелген амортизация мен активтің бастапқы құны негізінде есептелген амортизация арасындағы айырмашылық активтерді қайта бағалау резервінен жыл сайын бөлінбеген пайдаға ауыстырылады. Сонымен бірге қайта бағалау күніне жинақталған амортизация мен құнсыздану активтің жалпы баланстық құнының бір мезгілдегі төмендеуімен алынып тасталады және содан кейін таза сома активтің қайта бағаланған құнына дейін қосымша бағаланады. Актив шығарылған кезде нақты шығарылатын активке жататын қайта бағалау резерві бөлінбейтін пайдаға көшіріледі.

Негізгі құралдардың құнына сондай-ақ құрал-жабдықтардың бөлшектерін ауыстыру құны және егер оларды капиталдандыру критерийлері орындалса, ұзақ мерзімді құрылыс жобалары болған жағдайда қарыздар бойынша шығындар кіреді. Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың едәуір құрамдастарын ауыстыру қажет болғанда, Топ осы сияқты құрамдастарды оларға тән болатын дербес пайдалы қызмет ету мерзімдерімен жекелеген активтер ретінде мойындайды және оларды лайықты түрде амортизациялайды. Сол сияқты, негізгі техникалық шолып тексеруді жүргізген кезде сонымен байланысты шығындар, егер мойындаудың барлық критерийлері орындалса, құрал-жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында мойындалады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар олар болған сәтте пайда немесе зиян құрамында мойындалады.

Амортизация активтердің пайдалы қызметін бағалау мерзімінің ішінде желілік әдіспен былайша есептеледі:

	Жылдар
Үйлер мен ғимараттар	15-30
Машиналар мен құрал-жабдықтар	5-20
Көлік	7-10
Басқасы	2-20

Газ турбиналары өндірістік әдіспен амортизацияланады. Өндірістік әдіс бойынша амортизация мөлшерлемесін есептеу сағаттардың жалпы резервінен нақты пайдаланылған мотосағаттардың негізінде есептеледі.

Таратылу құны, активтерді пайдалы қолдану мерзімі және негізгі құралдардың амортизация әдістері әрбір жылдық есепті кезеңнің аяғында талданады және қажетіне қарай түзетіледі.

Бұрын танылған негізгі құралдарды немесе олардың маңызды құрауыштарын тануды доғару олар шығарылған кезде немесе егер келешекте бұл активті пайдаланудан немесе шығарудан экономикалық тиімділік алу күтілмеген жағдайда болады. Активті тануды доғару нәтижесінде туындайтын кіріс немесе шығыс (активтің шығуынан және теңгерімдік құнынан болатын таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану доғарылған есепті жыл үшін жиынтық зиян туралы есепке кіргізіледі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Негізгі құралдар (жалғасы)

Аяқталмаған құрылыс

Аяқталмаған құрылыс бастапқы құны бойынша ескеріледі және құрылыс процесінде негізгі құралдармен, орнатуды және монтажды күтетін жабдықпен, сондай-ақ құрылыста және күрделі жөндеуде пайдаланылатын материалдармен білдірілген. Аяқталмаған құрылысқа құрылыстың, құрал-жабдықтардың өзіндік құны және басқа да тікелей шығындар кіреді. Құрылыс аяқталғанда немесе машиналар мен жабдықтар пайдалану үшін дайын болғанда, нысан тиісті санатқа аударылады.

Аяқталмаған құрылысқа амортизация есептелмейді.

Мұнай-газ активтері

Игеруге және өндіруге байланысты активтер жинақталған амортизацияны және құнсыздану бойынша шығыстарды шегергендегі құны бойынша есепке алынады. Активтің бастапқы құны сатып алу бағасынан немесе құрылыс құнынан (егер актив бұрын игерілген активтер ретінде жіктелген болса), активті пайдалануға беруге тікелей байланысты шығындардан, пайдаланудан шығару бойынша міндеттемені бастапқы бағалаудан және капиталдандыру критерийлеріне сәйкес келетін активтер үшін қарыздар бойынша шығындардан тұрады. Сатып алу бағасы немесе құрылыс құны төленген қаражат пен активті сатып алу үшін берілген кез келген сыйақының әділ құнының жалпы сомасын білдіреді.

Мұнай мен газды игеруге және өндіруге байланысты активтер тиісті кен орнының дәлелденген игерілген және игерілмеген мұнай қорларына қатысты өндіруге пропорционалды есептеу әдісі негізінде амортизацияланады, егер активтерді пайдалану мерзімі кен орнын пайдалану мерзімінен аз болса, онда сызықтық әдіс қолданылады. Кен орнын игеруге жұмсалған шығындарға қатысты амортизациялық есептеулерді есептеу кезінде өндіруге пропорционалды түрде осы уақытқа дейін жұмсалған шығыстар, сондай-ақ игеруге көзделген болашақ шығыстар ескеріледі.

Алынған қарыздар бойынша шығындар

Топтың ниетіне сәйкес пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін ұзақ уақыт кезеңін міндетті түрде талап ететін активті сатып алуға, салуға немесе өндіруге тікелей қатысы бар қарыз алулар бойынша шығындар мұндай активтің бастапқы құнының бір бөлігі ретінде капиталданады. Қарыз алулар бойынша барлық өзге шығындар келтірілген кезеңдегі шығындарға жатқызылады. Қарыз алулар бойынша шығындарға пайыздардың төленуі және ұйым қарызға алынған қаражатпен байланысты шеккен басқа да шығындар жатады.

Барлау және бағалау активтері

Геологиялық және геофизикалық шығыстар мұндай шығындар болған сәтте есептен шығарылады. Барлау ұңғымаларына тікелей жататын шығындар ұңғыманың бұрғылануы аяқталмайынша және мұндай бұрғылаудың нәтижелері бағаланбайынша барлау және бағалау активтерінің құрамында капиталданады. Мұндай шығындар жалақыны, материалдар мен жанармайды, электр энергиясы мен мердігерлерге төлемдерді қамтиды. Егер көмірсутектер табылмаса, барлау шығыстары кеуіп кеткен ұңғыма бойынша шығыстар ретінде есептен шығарылады. Егер коммерциялық әзірленуі жеткілікті болатын басқа да ұңғымаларды (барлау немесе құрылымдық-іздістіру ұңғымалары) қосуы мүмкін бағалауға жататын көмірсутектер табылған жағдайда, мұндай шығыстар актив ретінде ескерілуін жалғастырады.

Осы сияқты барлық шығындар кемінде жылына бір рет әзірлеуді жалғастыру немесе табылғаннан пайда алудың қандай да бір тәсілі туралы ниетті растау үшін техникалық, коммерциялық және басқару тексеруіне жатады. Егер бұл бұдан былай орын алмаса, шығындар есептен шығарылады.

Мұнай мен газдың қорлары дәлелденгенде және әзірлеуді жалғастыруға шешім қабылданғанда, тиісті шығындар мұнай-газ активтерінің құрамына аударылады.

Барлауға арналған лицензияны сатып алу шығындары

Барлауға арналған лицензияларды сатып алу шығындары тиісті кен орынның коммерциялық өндірісі басталған күннен бастап лицензия мерзімінің ішінде өндіріс шығыстарының бірлігі әдісі бойынша амортизацияланады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Активтің пайдалы қызмет етуінің күтілетін мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қаралады және қажет болған жағдайда, пайдалы қызмет ету мерзімінің өзгеруі перспективті түрде ескеріледі.

Барлау және бағалау активтерінің құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Топ барлау және бағалау активтерін құнсыздану мәніне тексереді, әрі мұндай активтер әзірлеу бойынша материалдық және материалдық емес активтердің құрамына немесе активтердің құнсыздануына нұсқайтын фактілер мен жағдайлар болғанда аударылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Барлау және бағалау активтері (жалғасы)

Барлау және бағалау активтерінің құнсыздануы (жалғасы)

Бір немесе одан да көп төмендегі фактілердің және жағдайлардың болуы Топ барлау әрі бағалау активтерін құнсыздану мәніне тексеруге міндетті екендігіне нұсқайды (тізбесі толық болып табылмайды):

- Соның ішінде Топ белгілі бір учаскені барлауға құқылы болған кезең өтіп кеткенде немесе таяу арада өтеді және оның ұзартылуы күтілмейді;
- Белгілі бір учаскеде минералды ресурстарды одан әрі барлауға және бағалауға едәуір шығыстар бюджетке қосылмаған және жоспарланбайды;
- Белгілі бір учаскеде минералды ресурстарды барлау және бағалау минералды ресурстардың коммерциялық тиімді көлемдерін анықтауға әкеліп соқтырмады және Топ белгілі бір учаскеде мұндай қызметті тоқтату шешімін қабылдады;
- Топтың белгілі бір учаскені әзірлеу ықтималдылығына қарамастан барлау және бағалау активтерінің баланстық құны нәтижелі әзірлеудің немесе өткізудің нәтижесінде толық шамада өтелмейді деген жеткілікті деректері бар.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ барлау және бағалау активтерінің құнсыздану индикаторларын анықтамады.

Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық қорлар өзіндік құнының ең аз мәні немесе таза өткізу құны бойынша ескеріледі. Құнға қорларды нақты орналасқан жерге дейін жеткізу және оларды тиісті жай-күйге келтіру шығындары кіреді. Тауар-материалдық қорлардың өзіндік құны орташа алынған құнның әдісі бойынша айқындалады. Таза өткізу құны өндірісті аяқтауға арналған болжамды шығыстарды және өткізуге арналған бағаланған шығындарды шегере отырып, әдеттегі қызмет барысында болжамды сату бағасы ретінде айқындалады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Егер осындай белгілер орын алса немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тексеру талап етілсе, Топ активтің өтелетін құнына бағалау жүргізеді. Активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің (ААЖБ) өтелетін құны - бұл сатуға арналған шығындарды шегергенде, (ААЖБ) активінің әділ құны және (ААЖБ) активін пайдаланудан болатын құндылық. Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтер тобы жасайтын ағындардан тәуелсіз ақша қаражатының ағындарын активтер жасаған жағдайда ғана жеке активтер үшін анықталады. Егер активтің ағымдағы құны немесе ААЖБ өтелетін сомадан асып кетсе, онда актив құнсызданған ретінде қаралады және оның құны өтелетін сомаға дейін кемітіледі.

Пайдаланудан болатын құндылықтарды бағалау кезінде келешек ақша ағындары активке тән ақшаның және тәуекелдің уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады. Сатуға арналған шығындарды шегергенде әділ құнын анықтау кезінде жуық арадағы нарықтық мәмілелер (егер ондайлар орын алса) ескеріледі. Олар болмаған кезде бағалаудың тиісті үлгісі қолданылады. Бұл есептер бағалау коэффициенттерімен, еншілес компаниялар акцияларының нарығында еркін айналыстағы бағаларды белгілеумен немесе әділ құнның өзге де қол жетімді көрсеткіштерімен расталады.

Топ құнсыздану сомасын Топтың жеке активтер жатқызылатын әр ААЖБ үшін жеке дайындалатын жан-жақты жоспарлары және болжамды есеп айырысуларын басшылыққа ала отырып айқындайды. Осы жоспарлар мен болжамды есептеулер әдетте бес жылды құрайды. Бұдан да ұзақ кезеңдер үшін бесінші жылдан кейін болжамды келешек ақша ағындарына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді өсім үрдістері есептеледі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы (жалғасы)

Құнсыздану шығындары (корлардың құнсыздануын қоса алғанда) жиынтық зиян туралы есепте танылады.

Топ әрбір есепті күнге активтің бұрын мойындалған құнсыздану шығындарының жоқ немесе қысқарған екендігінің белгілері бар-жоғын айқындайды. Егер мұндай белгі бар болса, Топ активтің немесе ААЖБ-ның өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан болған бұрын мойындалған шығындар, егер құнсызданудан болған соңғы шығын мойындалған уақыттан бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауда өзгеріс болған жағдайда ғана, қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетпеуімен, сондай-ақ амортизацияны шегеріп тастағанда баланстық құнынан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған залал деп танылмаған жағдайда, баланстық құны бойынша танылуы мүмкін. Құнның осылайша қалпына келтірілуі жиынтық зиян туралы есепте танылады.

Қаржы құралдары – бастапқы тану және кейіннен бағалау

Бір ұйымда қаржы активінің және екінші ұйымда қаржылық міндеттеменің немесе үлестік құралдың пайда болуына әкеліп соқтыратын кез келген шарт қаржы құралы болып табылады.

Қаржы активтері

Бастапқы тану және бағалау

Қаржы активтері алғаш рет танылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа да жиынтық кіріс (БЖК) арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі шартта көзделген қаржы активі мен Топ бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Топ қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес айқындалған мәміленің бағасы бойынша айқындалады.

Қаржы активін амортизацияланған құны бойынша немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктеу және бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана» болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздеуі қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады.

Топ қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын әкелу мақсатында Топ өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатындығын айқындайды.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта (стандартты талаптарда жасалатын сауда-саттық) қабылданған қағидамен белгіленген мерзімде активтерді жеткізуді талап етуші қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық операциялар ол жасалған күнге, яғни Топ активті сатып алуға немесе сатуға өзіне міндеттеме қабылдаған күнге танылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)**Қаржы активтері (жалғасы)***Кейінгі бағалау*

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері төрт санатқа жіктеледі:

- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- Ұйымның қарауына қарай басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған деп жіктелген қаржы құралдары (үлестік құралдар);
- Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

2023 жылдың 31 желтоқсанына Топтың басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын немесе пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары болған жоқ.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)

Бұл санат Топ үшін барынша орынды болып табылады. Топ қаржы активтерін амортизацияланған құны бойынша бағалайды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалса:

- Қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады; және
- Қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе зиян активтің мойындалуы тоқтаған, ол түрлендірілген немесе құнсызданған жағдайда пайданың немесе зиянның құрамында танылады.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Топ сауда дебиторлық берешекті жатқызады.

Тануды тоқтату

Қаржы активі (немесе қолданылуына қарай – қаржы активінің бір бөлігі немесе сол сияқты қаржы активтері тобының бір бөлігі) мойындалуын тоқтатады (яғни, Топтың қаржылық жағдай туралы есебінен алынып тасталады), егер:

- Активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса; не болмаса
- Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідіріссіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Топ пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық құралдарға қатысты күтілетін кредиттік зияндарды (ККЗ) бағалау резервін мойындайды. ККЗ шартқа сәйкес тиесілі болатын ақша ағындары мен Топ бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен алынған мәнін пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырманың негізінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын кредит сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

ККЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық күтілетін кредиттік зияндар) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін кредиттік зияндарға қатысты залалға бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік зияндар) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін кредиттік зияндарға қатысты залалға бағалау резерві құрылады.

Сауда дебиторлық берешекке және шарт бойынша активтерге қатысты Топ ККЗ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Әрбір есепті күнге Топ қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының объективті белгілерінің болуын бағалайды. Қаржы активі немесе қаржылық активтер тобы активті бастапқы мойындаудан кейін орын алған бір немесе одан артық оқиға (орын алған «шығынның туындау жағдайы») нәтижесінде құнсызданудың объективті дәлелі болған жағдайда құнсызданған болып есептеледі, әрі олар сенімді түрде бағалауға болатын қаржылық актив немесе қаржылық активтер тобы бойынша күтілетін болашақ ақша қаражаты ағындарына әсер етті. Құнсыздану дәлеліне борышкер немесе борышкерлер тобы айтарлықтай қаржылық қиындықтарды бастап өткізіп отырғанына, өз берешегіне қызмет көрсете алмай отырғанына немесе пайыздарды не болмаса негізгі берешек сомасын дұрыс төлемей отырғанына, сондай-ақ олар банкроттық процедурасын немесе өзге де қаржылық қайта ұйымдастыруды жасайтындығына нұсқаулар кіруі мүмкін. Сонымен бірге, мұндай дәлелдерге бағалауға болатын қаржы құралы бойынша күтілетін келешек ақша ағындарының азаюына көрсететін байқалатын деректер, атап айтқанда, мерзімі өткен берешек көлемдерінің және борыштарды төлеу міндеттемелерін орындаудан бас тартулармен белгілі бір өзара байланысты болатын экономикалық жағдайлардың өзгеруі жатады.

Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

Қаржылық міндеттемелер бастапқы мойындау кезінде тиісінше пайда немесе зиян; кредиттер мен қарыздар, кредиторлық берешек немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде Компанияның қарауына қарай жіктелген туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Барлық қаржылық міндеттемелер бастапқыда оларға мәміле бойынша тікелей байланысты шығындар шегеріліп (кредиттер, қарыздар мен кредиторлық берешек болған жағдайда) әділ құны бойынша танылады.

Топтың қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа да кредиторлық берешек, кредиттер мен басқа да қарыздар кіреді. Топтың пайда немесе зиян, тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде бастапқыда мойындалған кезде ол айқындалған қаржылық міндеттемелері жоқ.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)

Одан кейінгі бағалау

Қаржы активтерін келесі тәсілмен кейіннен бағалау олардың жіктелуіне тәуелді болады:

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер (кредиттер мен қарыздар)

Бастапқыда танылғаннан кейін пайыздық кредиттер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша пайда мен зиян оларды тану доғарылғаннан кейін, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып амортизация есептелуіне қарай танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы жиынтық зиян туралы есепте қаржыландырудан болған шығындар құрамына енгізіледі.

Бұл санатқа, ең алдымен, пайыздық кредиттер мен қарыздар жатады.

Тануды тоқтату

Қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады. Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың баланстық құндағы айырмасы жиынтық зиян туралы есепте мойындалады.

Әділ құнды бағалау

Топ мұндай қаржы құралдарын әрбір есепті күнге әділ құны бойынша сату үшін қолда бар қаржы активтері және солардың әділ құны олардың қалдық құнынан айтарлықтай ерекшеленгенде, әділ құны бойынша қаржылық емес активтер ретінде бағалайды. Активтің сатылғаны үшін түскен немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміленің шеңберінде міндеттемелердің берілгені үшін төленген баға әділ құн болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле:

- Не бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта; немесе
- Не бұл актив немесе міндеттеме үшін барынша қолайлы нарықта негізгі нарықтың жоқтығы шартында болатындығын болжайды.

Топ негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын анықтау кезінде пайдаланатын жорамалдарды қолдана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің мүдделерінде әрекет етеді деп болжанады.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының активті ең үздік және барынша тиімді тәсілмен пайдалану арқылы не болмаса оны бұл активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын нарыққа басқа қатысушыға сату нәтижесінде экономикалық пайданы шығара алу мүмкіндігін ескереді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Әділ құнды бағалау (жалғасы)

Топ мұндай бағалау әдістерін пайдаланады, әрі олар қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылады және солар үшін әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болып табылады, бұл ретте тиісті қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, қадағаланбайтын бастапқы деректерді мейлінше аз пайдаланады.

Әділ құны бағаланатын немесе шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер төменде сипатталған әділ құн көздерінің иерархиясы шеңберінде жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (қандай да бір түзетулерсіз) белсенді нарықта нарықтық баға белгілеулері;
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері;
- 3-деңгей - иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құнын бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікте мерзімді негізде қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Топ әрбір есепті кезеңнің соңына жіктеуді қайта талдай отырып (жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде) иерархия көздерінің деңгейлері арасында аудару фактісін айқындайды.

Резервтер

Егер Топтың өткен оқиға нәтижесінде пайда болған ағымдағы міндеттемесі, осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайдадан айрылу ықтимал болса және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағасын алу мүмкін болса, резервтер танылады. Егер Топ резервтердің кейбір бөлігінің немесе барлығының өтемақысын алуды болжаса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу жекелеген актив ретінде тек өтемақының алынуы күмән келтірмеген жағдайда ғана мойындалады. Резервке қатысты шығыс өтемақыны шегере отырып, жиынтық зиян туралы есепте көрсетілген.

Егер ақшаның уақытша құнының ықпалы елеулі болса, резервтер салық салынғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады, әрі ол қолданылатын жағдайда нақты міндеттемеге тән болатын тәуекелдерді көрсетеді. Егер дисконттау қолданылса, резервтің ұлғаюы уақыт өтісімен қаржыландыру бойынша шығындар ретінде мойындалады.

Салықтар

Ағымдағы табыс салығы

Салық активтері және ағымдағы кезең үшін ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттемелер салық органдарынан өтелуге немесе салық органдарына төлеуге болжанып отырған сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңнама.

Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы табыс салығы пайда мен зиянның құрамында емес, капитал құрамында мойындалады. Топ басшылығы салық декларацияларында көрсетілген көрсеткіштерді бағалауды мезгіл-мезгіл жүзеге асырады, тиісті салық заңнамасы оларға қатысты әртүрлі түсінілуі мүмкін, сөйтіп қажет болуына қарай резервтер жасалады.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті күнге шоғырландырылған қаржылық есептілік мақсаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)**Салықтар*****Кейінге қалдырылған салық (жалғасы)***

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері кейінге қалдырылған салық міндеттемесі бизнесті біріктіру болып табылмайтын мәміленің барысында активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайтын және мәмілені жасау сәтіне бухгалтерлік табысқа, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе зиянға ықпал етпейтін жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары бойынша, есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты кейінге қалдырылған салық активі операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға, салық салынатын пайдаға немесе залалға әсер етпейтін мәміле бойынша активтің немесе міндеттеменің бастапқыда мойындалуының нәтижесінде туындаған жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда болады деген едәуір ықтималдылық бар барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары бойынша мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралып, кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табысқа қол жеткізу шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік береді деген едәуір ықтималдық туындаған дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер қабылданған немесе нақты қабылданған есепті күнгі жағдай бойынша салық мөлшерлемелерінің (және салық заңнамасының) негізінде актив өткізіледі, ал міндеттеме өтеледі деген есепті жылда қолданатын болады деп болжанатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе зиян құрамында мойындалған баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық пайда немесе зиян құрамында мойындалмайды. Мерзімі ұзартылған салықтар баптары олардың негізіндегі операцияларға сәйкес не болмаса басқа да жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей капиталда мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, егер заңи тұрғыдан бекітілген ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерді есепке алу құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар дәл сол салық салынатын компанияға немесе салық органына қатысты болса, бір біріне қарсы есепке алынады.

Қосылған құн салығы (ҚҚС)

Салық заңнамасында нетто негіздегі сатулар және сатып алулар бойынша қосылған құн салығын (ҚҚС) өтеу көзделеді. Осылайша, өтелуге жататын ҚҚС, сатулар бойынша ҚҚС-ты шегере отырып, сатып алулар бойынша ҚҚС-ты білдіреді.

Төлеуге ҚҚС

Төленуге жататын ҚҚС бухгалтерлік есеп шоттарында Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес ҚҚС салынатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді көрсетуден болған кірістерге есептеледі.

Өтелуге жататын ҚҚС

Өтелуге жататын ҚҚС бухгалтерлік есеп шоттарында ҚҚС-пен бірге сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бойынша және егер ондайлар кіріс алу мақсатында пайдаланылса көрсетіледі.

Әрбір есепті күнге өтелуге жататын ҚҚС шоты бойынша сома әрбір салық төлеуші үшін төленуге жататын ҚҚС шоты бойынша сомамен есепке алынуы тиіс.

Дивидендтер

Топ бөлінуі бекітілгенде және бұдан былай Топтың қарауында қалмағанда, дивидендтердің төленуіне қатысты міндеттемені мойындайды. «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға сай бөлу амалын акционерлер бекітеді. Тиісті сома тікелей меншікті капитал құрамында танылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім

Топ қызметі электр энергиясын өндірумен және сатумен байланысты. Топ түсім алуды көздейтін өзі жасаған шарттарда сатушы ретінде әрекет етеді.

Электр энергиясын сату

Электр энергиясын сатудан түскен түсім электр энергиясы сатып алушыға электр энергиясы жүйелі оператор («КЕГОК» АҚ) растаған өлшеу құралдарының деректері бойынша беру құралдарын берілетін әр айдың соңында танылды. Төлем әдетте аванстық төлемдермен жасалады.

Шарттар ауыспалы сыйақыны, көлемі үшін жеңілдіктерді, ең аз көлемді немесе «ал немесе төле» шарттық қағидаты бойынша талаптарды көздемейді.

Электр энергиясын сатып алу-сату шарттарында электр энергиясын тікелей беруден ерекшеленетін өзге уәделер мен міндеттер жоқ.

Электр қуатының әзірлігін қолдау қызметтерін көрсету

Қызметтердің көрсетілуінен түскен түсім электр станциясын жыл сайынғы аттестациялау нәтижелері, электр қуатымен жыл сайынғы орталықтандырылған сауда-саттықтың, сондай-ақ жүйелік оператордың бір айдағы коэффициенттерінің мәндері туралы түзетілген актінің қорытындылары бойынша әр айдың соңында танылады. Көрсетілетін қызметтер орындалуға жататын жеке міндеттер болып табылады. Қызметтерді көрсету шарттарында өзге уәделер мен міндеттер жоқ.

Пайыздық кіріс

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кіріс немесе шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып мойындалады, әрі ол қаржы құралын болжамды пайдалану мерзімінің бойында немесе егер бұл орынды болса, қаржы активінің немесе міндеттеменің таза баланстық құнына дейінгі ұзақ емес кезеңнің ішінде күтілетін келешек төлемдерді немесе ақша қаражатының түсімдерін дәл дисконттайды. Пайыздық кіріс жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепте қаржылық кірістер құрамына енгізіледі.

Қаржыландырудың айтарлықтай компоненті

Әдетте, Топ сатып алушылардан қысқа мерзімді аванстық төлемдерді алады. 15 ХКЕС-те (IFRS) көзделген практикалық сипаттағы жеңілдікті пайдалану нәтижесінде Топ сатып алушыға уәде етілген тауарларды немесе қызметтерді беру мен сатып алушының мұндай тауардың немесе қызметтердің ақысын төлеу арасындағы кезең бір жылдан аспайды деп күтіп отырса, шарттарда қаржыландырудың едәуір құрамдасының ықпалын ескере отырып өтемақының уәде етілген сомасын түзетпейді.

Шарт бойынша қалдықтар

Сауда дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек Топтың шартсыз болып табылатын өтемақыға құқықты береді (яғни мұндай өтемақы төленуге жататын сәттің орын алуы тек уақыт өтуімен ғана негізделген). Қаржы активтеріне қатысты есеп саясаты «Қаржы құралдары – бастапқы мойындау және кейінгі бағалау» бөлімінде қарастырылады.

Шарт бойынша міндеттемелер

Шарт бойынша міндеттеме – бұл сатып алушыға тауарларды немесе қызметтерді беру міндеті, әрі солар үшін Топ сатып алушыдан өтемақыны алды (не болмаса сол үшін өтемақы төленуі тиіс). Егер сатып алушы өтемақыны Топ тауарды немесе қызметті сатып алушыға бермес бұрын төлейтін болса, төлем жасалған сәтте немесе төлем төленуге тиісті болатын сәтте (қайсысының бұрын басталуына қарай) шарт бойынша міндеттеме танылады. Шарт бойынша міндеттемелер Топ шарт бойынша өз міндеттерін орындағанда түсім ретінде танылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Ақша қаражаты және қысқа мерзімді депозиттер

Қаржылық жағдай туралы есептегі ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттерге банктер мен кассадағы ақшалай қаражат және өтеу мерзімі 3 ай немесе одан аз болатын, құнның өзгеруіне елеусіз тәуекелге ұшырайтын қысқа мерзімді депозиттер жатады. Ақша қаражатының қозғалысы туралы есептің мақсаттары үшін ақша қаражаты мен оның баламалары жоғарыдағы анықтамаға сай ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттерден тұрады, өйткені олар Топтың ақша қаражатын басқару қызметінің ажырамас бөлігі болып есептеледі.

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР МЕН БАҒАЛАУЛАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін әзірлеу оның басшылығынан пікір білдіруін, есепте көрсетілетін кіріс сомаларына, шығыстарға, активтер мен міндеттемелерге, сондай-ақ мұндай баптар туралы және шартты міндеттемелер туралы ақпараттың ашылып көрсетілуіне ықпал ететін бағалау мәндері мен жорамалдарды айқындауды талап етеді. Осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік мұндай жорамалдар мен бағалаулар қабылданатын активтердің немесе міндеттемелердің ағымдағы құнына қатысты келешекте едәуір түзетулер жасауды қажет етуі мүмкін нәтижелерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Болашақ туралы негізгі болжаулар және есепті күнге бағалаулардағы айқынсыздықтың басқа да негізгі көздері төменде қаралады, олар келесі қаржы жылы ішінде активтердің баланстық құны мен міндеттемелерге елеулі түзетулердің себебі болуы мүмкін: Топтың жорамалдары мен бағалау мәндері ол шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау сәтіне қолында болған бастапқы деректерге негізделген. Дегенмен ағымдағы міндеттемелер мен келешекке қатысты жорамалдар нарықтық өзгерістерге немесе Топ бақыламайтын жағдайларға орай өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер олар болатын шамаға қарай жорамалдарда көрсетіледі.

Мұнай-газ активтерін қоспағанда, негізгі құралдарды қайта бағалау

2016 жылы Топ негізгі құралдарды қайта бағалады. Топ үйлер, ғимараттар, беру құрылғылары, машиналар мен жабдықтар кіретін негізгі құралдардың әділ құнын бағалау үшін аккредитацияланған тәуелсіз бағалаушыны тартты. Негізгі құралдардың әділ құнын анықтауға арналған бастапқы деректер әділ құн иерархиясында 3-деңгейге жатады (қадағаланбайтын бастапқы деректер). Бағалау нәтижесінде 28.652.162 мың теңге мөлшеріндегі сома 2016 жылғы 4 тамыздағы жағдай бойынша әділ құн ретінде танылды. Бағалау нысандарының әділ құнын анықтау үшін мыналар: шығынды тәсіл шеңберінде мамандандырылған активтерді, үйлерді, ғимараттар мен беру құрылғыларын бағалау үшін ірілендірілген жалпыланған құн көрсеткіштерінің әдісі және тозуды шегере отырып ұсыныс бағасының негізінде орнын ауыстыру әдісі пайдаланылды; технологиялық жабдық пен машиналарды бағалау үшін тозуды шегере отырып ұсыныс бағасының негізінде орнын ауыстыру әдісі және индексті әдіс пайдаланылды. Мамандандырылмаған активтерді, көлік құралдарын және басқа да негізгі құралдарды бағалау үшін нарықтық ақпарат әдісі пайдаланылды. Кірісті тәсілдің шеңберінде негізгі құралдардың барабар табыстылығын тестілеу үшін экономикалық және функционалды тозуды анықтау немесе жоқтығы мақсатында дисконтталған ақша ағындарының әдісі пайдаланылды. Әділ құнды бағалау кезінде 13,93% дисконттау мөлшерлемесі (WACC) пайдаланылды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР МЕН БАҒАЛАУЛАР (жалғасы)

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Егер активтің немесе ақша ағындарын тудыратын бөлімшенің баланстық құны сату шығындарын шегергендегі әділ құн және пайдаланудан болған құндылық өлшемдерінің ең көбі болып табылатын өтелетін құннан асатын болса орын алады. Сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құнның есебі ұқсас активтерді сатып алу-сатудың міндетті мәмілелері бойынша қолда бар ақпаратқа немесе активтің шығарылуына байланысты шегілген қосымша шығындарды шегергенде қадағаланатын нарықтық бағаға негізделеді. Пайдаланудан болатын құндылықтың есебі дисконтталған ақша ағындарының үлгілеріне негізделген. Ақша ағындары бюджеттен келесі бес жылға алынады және оған Топтың жүргізуге әлі де болса міндеттемелері жоқ қайта құрылымдау бойынша қызмет немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің құнсыздану мәніне тексерілетін активтің нәтижелерін жақсартатын келешектегі елеулі инвестициялар жатпайды.

Әрбір есепті кезеңде Топ құнсыздану индикаторларының болуын анықтау үшін әрбір активті және ақша қаражатын әкелетін («әкелуші бірлік») активтер тобын бағалайды. Егер мұндай индикатор болып шықса, өтелетін құн лайықты түрде бағаланады. Бұл есептеулер электр энергиясына арналған ұзақ мерзімді тариф, дисконт мөлшерлемесі, күрделі жөндеу, операциялық шығындар және басқа да бағалаулар сияқты бағалау мен жорамалдарды пайдалануды қажет етеді. Егер активтің немесе активтер тобының баланстық құны олардың өтелетін құнынан асатын болса, актив немесе активтер тобы құнсызданған болып есептеледі, олардың баланстық құны өтелетін құнға дейін азаяды.

Барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздануы

Топ басшылығы барлау және бағалау бойынша активтердің баланстық құнын 6 ХҚЕС талаптарына сәйкес құнсыздану мәніне тексереді. 2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша барлау және бағалау активтерінің құнсыздану белгілері болмады.

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі

Топ негізгі құралдар объектілерінің қалған пайдалы қызмет мерзімін, кем дегенде әрбір есепті жылдың соңына бағалайды. Егер күтілген жағдайлар бұрынғы бағалаулардан ерекшеленетін болса, өзгерістер *«Есеп саясаты, есепті бағалаудағы өзгерістер және қателер»* 8 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес есепті бағалаудағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР МЕН БАҒАЛАУЛАР (жалғасы)

Объектілерді пайдаланудан шығару міндеттемесі

Топ мұнай және газ ұңғымаларын жою және консервациялау бойынша шығындарға қатысты бағалау міндеттемесін көрсетеді. Пайдаланудан шығару бойынша шығындар есепті ақша ағындарын пайдалануды есеп алған міндеттемелерді реттеуге жұмсалатын күтілетін шығындардың келтірілген құны бойынша ескеріледі және тиісті активтің бастапқы құнының бөлігі ретінде танылады. Ақша ағындары пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелерге тән тәуекелдерді көрсететін 6,16% мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Дисконт амортизациясы пайда болуына қарай шығыстар шотына қарайды және жиынтық зиян туралы есепте қаржыландыру шығындары ретінде танылады. Пайдаланудан шығару бойынша есепті келешек шығындар жыл сайын сараланып, қажеттілігіне қарай түзетіледі. Есепті келешек шығындардағы немесе дисконттаудың қолданылатын мөлшерлемесіндегі өзгерістер актив бағасына қосылады немесе алынады.

Кейінге қалдырылған салық активтері

Кейінге қалдырылған салық активтері соған қарсы салық зияны есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайданы алу ықтимал болып табылатын шамада барлық пайдаланылмаған салық зияны бойынша танылады. Келешек салық салынатын табысты алудың ықтимал мерзімдерінің және оның өлшемдерінің негізінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте мойындауға болатын кейінге қалдырылған салық активтерінің сомаларын, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясын анықтау үшін басшылықтың елеулі пайымдаулары қажет.

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім

Топ сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімнің көлеміне және мойындау мерзіміне айтарлықтай әсерін тигізетін келесі пайымдауларды пайдаланды:

Топтың қызметі Бірыңғай сатып алушыға – «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС болып табылатын уәкілетті мемлекеттік операторға электр энергиясын сатумен байланысты.

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түскен түсім сатып алушы бір мезгілде Топ ұсынатын пайданы алатын әрі пайдаланатын кезең ішінде мойындалады.

Топ түсімді алуды көздейтін барлық жасалған шарттар бойынша принципал ретінде болады, өйткені барлық жағдайларда да ол шарт бойынша өз мойнына міндеттемелер алған негізгі тарап болып табылады, баға белгілеуге қатысты іс-қимыл жасау еркіндігіне ие және қорлардың құнсыздану тәуекеліне және кредиттік тәуекелге ұшырағыш болады.

Көрсетілетін қызметтер сатып алушылармен жасалған шарттарға сай орындалуға жататын жеке міндеттер болып табылады. Шарттар ауыспалы сыйақыны, көлемі үшін жеңілдіктерді, электр энергиясының ең аз көлемді немесе «ал немесе төле» шарттық қағидаты бойынша талаптарды көздемейді.

5. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

Материалдық емес активтер барлау келісімшарттарының негізінде жасалған құм-қиыршық тас қоспасы, құм, саз және балшық сияқты жалпы таралған пайдалы қазбаларды (ЖТПҚ) өндіруге арналған келісімшарттармен білдірілген және барлау әрі бағалау сатысында болған шығыстардан тұрады.

ЖТПҚ өндіруге арналған келісімшарттар 2044 жылғы 17 сәуірге дейінгі мерзімге жасалған.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін****6. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР**

<i>Мың теңгемен</i>	Ғимараттар мен құрылысжайлар	Машиналар мен жабдық	Мұнай-газ активтері	Басқасы	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
Бастапқы құн						
2022 жылғы 1 қаңтарға	6.326.552	33.459.777	-	238.156	871.454	40.895.939
Түсім	-	1.097	-	-	60.145	61.242
Есептен шығару	-	(108.468)	-	(6.957)	-	(115.425)
Аударымдар	-	18.850	-	1.713	(20.563)	-
2022 жылғы 31 желтоқсанға	6.326.552	33.371.256	-	232.912	911.036	40.841.756
Түсім	-	1.416	-	85	1.763.955	1.765.456
Бағалау және барлау активтерінен аудару (7-ескертіле)	-	-	17.557.883	-	-	17.557.883
Есептен шығару	-	(126.421)	-	(1.221)	-	(127.642)
Аударымдар	61.681	1.006.122	-	243.001	(1.310.804)	-
2023 жылғы 31 желтоқсанға	6.388.233	34.252.373	17.557.883	474.777	1.364.187	60.037.453
Жинақталған амортизация						
2022 жылғы 1 қаңтарға	2.680.271	17.799.538	-	128.009	-	20.607.818
Бір жылға есептеу	280.987	1.944.627	-	55.986	-	2.281.600
Есептен шығару	-	(96.185)	-	(6.702)	-	(102.887)
2022 жылғы 31 желтоқсанға	2.961.258	19.647.980	-	177.293	-	22.786.531
Бір жылға есептеу	281.043	1.908.779	-	47.984	-	2.237.806
Есептен шығару	-	(122.504)	-	(1.096)	-	(123.600)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	3.242.301	21.434.255	-	224.181	-	24.900.737
Қалдық құны						
2022 жылғы 31 желтоқсанға	3.365.294	13.723.276	-	55.619	911.036	18.055.225
2023 жылғы 31 желтоқсанға	3.145.932	12.818.118	17.557.883	250.596	1.364.187	35.136.716

Топтың «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-нан алынған Топтың қарыздары бойынша 2009 жылдан қамтамасыз ету ретінде кепілге қойылған белгілі бір негізгі құралдары (тиісті инфрақұрылыммен бірге ГТЭС-Ақшабұлақ жылжымалы және жылжымайтын мүлік) болды. 2020 жылы бұл негізгі құралдар «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-нан алынған Топтың қарыздары бойынша қамтамасыз ету ретінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-на берілді (13-ескертіле). 2023 жылғы 31 желтоқсанға кепілге қойылған негізгі құралдардың қалдық құны 16.024.902 мың теңге (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 17.144.189 мың теңге) болды.

2023 жылғы 31 желтоқсанға мұнай-газ активтеріне Қаракөл, Бестөбе және Сұлутабан кен орындары бойынша барлау мен бағалауға байланысты жұмсалған капиталдандырылған шығыстар жатады.

2023 жылғы 31 желтоқсанға негізгі құралдарға бастапқы құны 2.783.826 мың теңге (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 1.918.321 мың теңге) болатын толығымен амортизацияланған негізгі құралдар кіреді.

Егер жинақталған тозуды және құнсыздануды шегергенде, активтер бастапқы баға бойынша ескерілсе, қаржылық есептілікке қосылған негізгі құралдар әр қайта бағаланған санатының теңгерімдік құны төмендегідей көрсетіледі

<i>Мың теңгемен</i>	Ғимараттар мен құрылысжайлар	Машиналар мен құрал-жабдықтар	Басқасы	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
2022 жылғы 31 желтоқсанға	2.122.683	6.103.269	55.619	911.036	9.192.607
2023 жылғы 31 желтоқсанға	2.000.216	6.187.110	250.596	1.364.187	9.802.109

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін****7. БАРЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ АКТИВТЕРІ**

Барлау және бағалау активтеріне мыналар кіреді:

<i>Мың теңгемен</i>	Барлау және бағалау активтері
2022 жылғы 1 қаңтарға	28.888.442
Түсім	1.074.148
Тестілік мұнайды сату	(1.288.879)
2022 жылғы 31 желтоқсанға	28.673.711
Түсім	1.553.662
Тестілік мұнайды сату	(298.152)
Мұнай-газ активтеріне аудару (6-ескертпе)	(17.557.883)
Барлау активтерінің құнын есептен шығару	(1.960.964)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	10.410.374

2023 жылы Топ Қаракөл, Бестөбе және Сұлутабан кен орындарының барлау және бағалау активтерін өндірудің техникалық орындылығы мен коммерциялық орындылығына байланысты негізгі құралдардың құрамына 17.557.883 мың теңге жалпы сомаға ауыстырды.

2023 жылы КМ2-1 және КМ3 ұңғымалары бойынша барлау активтері құрғақ деп танылды және тиісінше 1.960.964 мың теңге жалпы сомаға есептен шығарылды.

8. ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

<i>Мың теңгемен</i>	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
Қосалқы бөлшектер мен материалдар (өзіндік құны бойынша)	628.358	307.427
Басқасы (өзіндік құны бойынша)	27.112	27.645
	655.470	335.072

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына сатудың таза ықтимал бағасы тауар-материалдық құндылықтардың өзіндік құнынан асты.

9. САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

<i>Мың теңгемен</i>	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
Үшінші тараптардың сауда дебиторлық берешегі	350.452	279.172
	350.452	279.172

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың мерзімі өткен және құнсызданған дебиторлық берешегі болмады. Барлық берешек теңгемен білдірілген.

10. БЕРІЛГЕН АВАНСТАР

2023 жылғы 31 желтоқсанға берілген аванстар 117.343 мың теңге (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 47.494 мың теңге) сомасына газ бен басқа да қызметтерді сатып алғаны үшін төленді. 2023 жылғы 31 желтоқсанға ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар 809.988 мың теңге (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 559.208 мың теңге) сомасына газ турбиналы қондырғы мен оның қосалқы бөлшектерін сатып алғаны үшін төленді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін****11. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ**

<i>Мың теңгемен</i>	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
Теңгемен қысқа мерзімді салымдар	306.000	266.000
Теңгемен ағымдағы банк шоттары	2.867	117.327
АҚШ долларында ағымдағы банк шоттары	-	702
ККЗ резерві	(182)	(1.764)
	308.685	382.265

Қысқа мерзімді салымдар бойынша жылдық 14%-14,75% тең болатын мөлшерлеме белгіленген. Салымдар Топтың ақша қаражатындағы мұқтаждығына қарай үш айға дейінгі мерзімге орналастырылған.

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайдалануы шектелген ақша қаражаты 355.071 мың теңге және тиісінше 352.876 мың теңге мөлшерінде ұңғымаларды жою міндеттемелерін орындау үшін орналастырылған мамандандырылған банк салымымен білдірілген.

12. КАПИТАЛ

<i>Мың теңгемен</i>	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
Әрқайсы 1.000 теңге болатын жай акциялар	35.670.200	35.670.200
	35.670.200	35.670.200

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың акционерлік капиталы 35.670.200 мың теңге болды. 2017 жылғы 10 наурызда Топ Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен Акционерлік қоғамға қайта ұйымдастырылды, соның нәтижесінде акционерлік капитал 25.470.200 мың теңге болды. Қайта ұйымдастыру кезінде 12.768.801 мың теңге мөлшеріндегі активтерді қайта бағалау резерві және 604.601 мың теңге мөлшеріндегі бөлінбеген зиян акционерлік қоғамның жарғылық капиталына ауыстырылды.

2019 жылғы 21-23 қазанда Топтың 10.200.000 жай акциясы орналастырылып, номиналы бойынша ақысы төленді, бұл ретте оның құрылымы мен Акционерлердің үлесі өзгеріссіз қалды. Осылайша, 2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша номиналы 1.000 (бір мың) теңге болатын Топтың 35.670.200 жай акциясы орналастырылды.

Акцияның баланстық құны

ҚҚБ-ның 2010 жылғы 4 қазандағы талаптарына сәйкес қаржылық есептілікте ҚҚБ бекіткен ережелерге сәйкес есептелген, есепті күнге бір жай акцияның баланстық құны туралы деректер болуы тиіс.

<i>Мың теңгемен</i>	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
Активтердің жиыны	51.618.184	51.179.796
Минусы: міндеттемелер жиыны	27.916.108	24.535.353
Минусы: МЕА	86.657	86.657
Таза активтер	23.615.419	26.557.786
Орналастырылған жай акциялардың саны	35.670.200	35.670.200
Акцияның баланстық құны, мың теңге	0,66	0,74

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін****13. ПАЙЫЗДЫҚ ҚАРЫЗДАР**

<i>Мың теңгемен</i>	Валюта	Номиналды жылдық мөлшерлеме	Өтеу мерзімі	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	Теңге	19,75%	2023 жылғы 8 желтоқсан	-	16.847.237
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	АҚШ доллары	7,5%	2024 жылғы 1 сәуір	12.999.858	-
			2023 жылғы 14 желтоқсан		
			2026 жылғы 14 желтоқсан	1.444.935	2.541.192
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	Теңге	3,2%, 7,76%		631.040	631.040
«Joint Resources» АҚ (24-ескертілме)	Теңге	3,2%, 3,0%	2025 жылғы 1 қаңтар		
			2025 жылғы 1 қаңтар	76.120	76.120
«Позитив А» АҚ (24-ескертілме)	Теңге	3,20%		75.525	75.525
«FCI Management» ЖШС (24-ескертілме)	Теңге	3,20%		21.469	21.469
EuroAsia Construction ЖШС (24-ескертілме)	Теңге	3,20%	2025 жылғы 1 қаңтар		
Қарыздардың жиыны				15.248.947	20.192.583
Минусы: 12 айдың ішінде өтелуге жататын сома				(15.248.947)	(18.721.691)
12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар				-	1.470.892

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

2020 жылы Топ 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № KS 01-20-37 кредит желісін ашу туралы келісімді жасап, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да 38.850 мың АҚШ доллары жалпы сомаға кредит желісін ашты. Желі сомасы дәл сол күні толығымен игерілді. Қарыз мерзімі 2020 жылғы 10 желтоқсаннан бастап 2023 жылғы 8 желтоқсанға дейін сыйақы мөлшерлемесі жылдық 5%. «Bank RBK» Банкі» АҚ-дағы берешекті қайта қаржыландыру кредит желісінің мақсаты болып табылады. Кредит бойынша қамсыздандыру газтурбиналы электр станцияның негізгі құралдарының объектілері, автокөлік болып табылады. 2022 жылғы 28 қаңтарда Топ қарызды теңгеге айырбастады, сыйақы мөлшерлемесі жылдық 12,5%-ға өзгертілді. 2022 жылғы 27 желтоқсанда сыйақы мөлшерлемесі жылдық 19,75% дейін ұлғайтылды. 2023 жылғы 8 желтоқсанда Топ 2024 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімге жылдық 7,5% сыйақы мөлшерлемесімен жаңа шарт жасасу арқылы қарызды АҚШ долларына айырбастады. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кепілге қойылған активтердің баланстық құны 16.024.902 мың теңге болды (6-ескертілме). Сондай-ақ 2014 жылғы 7 ақпандағы УВС-ты барлауға және өндіруге арналған № 3996-УВС келісімшарты кредит желісі бойынша қамтамасыз ету болып табылады.

Ковенанттар (көрсеткіштер)

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-мен қол қойылған кредиттік келісімдердің талаптары бойынша Топ қаржылық емес ковенанттарды орындауға міндетті. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ барлық қаржылық емес ковенанттарды орындады.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ

2009 жылғы шілдеде Топ «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-да 74.257 мың АҚШ доллары жалпы сомаға кредит желісін ашты, 2011 жылғы наурызда кредит желісі 90.000 мың АҚШ долларына дейін ұлғайтылды. Кредит желісінің мақсаты Қазақстан Республикасының Қызылорда облысындағы Ақшабұлақ кен орнында газтурбиналы электр станциясының құрылысы болып табылады. Кредит бойынша қамсыздандыру газтурбиналы электр станцияның негізгі құралдарының объектілері, автокөлік болып табылады. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кепілге қойылған активтердің баланстық құны 16.024.902 мың теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 17.144.189 мың теңге) (6-ескертілме).

2023 жылы «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-нан 110.371 мың теңге мөлшерінде (2022 жылы: 166.732 мың теңге) қарыздар бойынша дисконт амортизациясы қаржылық шығыстар құрамында жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген (21-ескертілме).

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (жалғасы)

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-мен қол қойылған кредиттік келісімнің талаптары бойынша Топ қаржылық және қаржылық емес ковенанттарды орындауға міндетті. 2019 жылғы 27 желтоқсанда, Топ және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Бас кредиттік келісімге өзгерістер енгізді, соған сай DSCR қаржылық ковенанттар мен Қаржылық борыш/EBIDA 2023 жылдан бастап қолданылады.

Ковенанттар (көрсеткіштер)

2023 жылы Топ екі қаржылық ковенант бойынша да талаптарды орындамады – DSCR (2023 жылдан бастап кемінде 1,1) және Қаржылық борыш/EBIDA (2023 жылдан бастап 2,0-ден астам емес). 2023 жылғы 31 желтоқсанға «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Топқа қаржылық ковенанттарды орындамау дефолт оқиғасы болып табылмайтындығының жазбаша растауын ұсынбады. Өйткені 2023 жылғы 31 желтоқсанға «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның қарыздың мерзімінен бұрын өтелуін талап етуге құқығы болды, қарыз сомасы ағымдағы міндеттемелерге қайта жіктелді.

«Joint Resources» АҚ

2016 жылғы қарашада Топ геологиялық барлау жұмыстарының бағдарламасын және геологиялық барлау жұмыстарымен ілесіп жүретін өзге де қызметті қаржыландыру мақсатында 5.232.600 мың теңгеден артық емес жалпы сомаға қамтамасыз етілмеген мерзімді қарызды беру туралы шартты жасады. Номиналды пайыздық мөлшерлеме жылдық 3,2% құрайды. 2019 жылғы 23 қазанда қарыз бойынша негізгі борыш толығымен өтелді.

2017 жылғы маусымда Топ геологиялық барлау жұмыстарының бағдарламасын және геологиялық барлау жұмыстарымен ілесіп жүретін өзге де қызметті қаржыландыру мақсатында 1.000.000 мың теңге жалпы сомаға қамтамасыз етілмеген мерзімді қарызды беру туралы шартты жасады. 2019 жылғы 28 тамызда қарыз бойынша негізгі борыш толығымен өтелді.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін өтеу мерзімімен 631.040 мың теңге сомаға (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 631.040 мың теңге) қарыздар бойынша төленбеген пайыздары бар.

«ПОЗИТИВ-А» АҚ

2017 жылғы наурызда Топ геологиялық барлау жұмыстарының бағдарламасын және геологиялық барлау жұмыстарымен ілесіп жүретін өзге де қызметті қаржыландыру мақсатында 968.000 мың теңге жалпы сомаға қамтамасыз етілмеген мерзімді қарызды беру туралы шартты жасады. 2019 жылғы 21 қазанда қарыз бойынша негізгі борыш толығымен өтелді.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін өтеу мерзімімен 76.120 мың теңге сомаға (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 76.120 мың теңге) қарыз бойынша төленбеген пайыздары бар.

«FCI Management» ЖШС

2017 жылғы наурызда Топ геологиялық барлау жұмыстарының бағдарламасын және геологиялық барлау жұмыстарымен ілесіп жүретін өзге де қызметті қаржыландыру мақсатында 969.000 мың теңге жалпы сомаға қамтамасыз етілмеген мерзімді қарызды беру туралы шартты жасады. 2019 жылғы 21 қазанда қарыз бойынша негізгі борыш толығымен өтелді.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін өтеу мерзімімен 75.525 мың теңге сомаға (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 75.525 мың теңге) қарыз бойынша төленбеген пайыздары бар.

«EuroAsia Construction» ЖШС

2017 жылғы наурызда Топ геологиялық барлау жұмыстарының бағдарламасын және геологиялық барлау жұмыстарымен ілесіп жүретін өзге де қызметті қаржыландыру мақсатында 2.499.000 мың теңге жалпы сомаға қамтамасыз етілмеген мерзімді қарызды беру туралы шартты жасады. Іс жүзінде қарыз 2019 жылғы 18 шілдеде берілді. Номиналды пайыздық мөлшерлеме жылдық 3,2% құрайды. 2019 жылғы 22 қазанда қарыз бойынша негізгі борыш толығымен өтелді.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін өтеу мерзімімен 21.469 мың теңге сомаға (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 21.469 мың теңге) қарыз бойынша төленбеген пайыздары бар.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін****14. КЕЛІСІМШАРТТАР БОЙЫНША БАҒАЛАУ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

<i>Мың теңгемен</i>	Тарихи шығындар	Активтерді жою бойынша міндеттемелер	Жиыны
2022 жылғы 1 қаңтарға	468.411	84.502	552.913
Келісімшарттардың бағалау міндеттемелері бойынша дисконт амортизациясы (21-ескертпе)	56.209	9.887	66.096
Төленгені	–	–	–
2022 жылғы 31 желтоқсанға міндеттемелер сомасы	524.620	94.389	619.009
Минусы: міндеттемелердің қысқа мерзімді бөлігі	–	–	–
2022 жылғы 31 желтоқсанға міндеттемелердің ұзақ мерзімді бөлігі	524.620	94.389	619.009
Келісімшарттардың бағалау міндеттемелері бойынша дисконт амортизациясы (21-ескертпе)	95.119	11.044	106.163
Төленгені	(72.638)	–	(72.638)
2023 жылғы 31 желтоқсанға міндеттемелер сомасы	547.101	105.433	652.534
Минусы: міндеттемелердің қысқа мерзімді бөлігі	(96.851)	–	(96.851)
2023 жылғы 31 желтоқсанға міндеттемелердің ұзақ мерзімді бөлігі	450.250	105.433	555.683

Келісімшарттарға сәйкес (1-ескертпе), Топ геологиялық әрі геофизикалық деректер мен бұрғылау жұмыстары бойынша тарихи шығындарға жататын міндеттемелерді, активтерді жою бойынша міндеттемелерді, персоналды оқыту және өңірді әлеуметтік дамыту бойынша міндеттемелерді өз мойнына алды.

15. САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына сауда және басқа да кредиторлық берешек келесі баптармен білдірілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
Үшінші тараптардың алдындағы сауда және басқа да кредиторлық берешек	1.393.432	198.148
Байланысты тараптардың алдындағы сауда және басқа да кредиторлық берешек (24-ескертпе)	5.046	590.288
	1.398.478	788.436

2023 жылғы 8 мамырда Топ Сұлутабан кен орнында үш бағалау ұңғымасын салу бойынша жұмыстар мен қызметтерді сатып алу туралы шарт жасасты. 2023 жылғы 31 желтоқсанға берешектің жалпы сомасы 1.106.627 мың теңге болды.

Сауда және басқа да кредиторлық берешек пайызсыз болып табылады, ол теңгемен білдірілген және негізінен, орын алған күннен бастап 30 күннің ішінде өтеледі.

16. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер келесі баптармен көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
Тест мұнайы үшін сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелер	8.056.045	–
Электр энергиясы үшін сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелер	–	108.477
	8.056.045	108.477

2022 жылғы 8 желтоқсанда Топ «Joint Resources» АҚ үлестес ұйымы болып табылатын компаниямен 50% мөлшерінде алдын ала төлем талаптарында шикі сатып алу-сату шартын жасасты. 2023 жылғы 31 желтоқсанға алдын ала төлемнің жалпы сомасы 8.056.000 мың теңге болды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін****17. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША ТҮСІМ**

<i>Мың теңгемен</i>	2023 жыл	2022 жыл
Электр энергиясын өткізуден түскен кірістер	8.376.835	7.558.368
Электр энергиясының әзірлігін қолдау қызметтерін көрсетуден түскен кірістер	562.978	572.005
Басқа да кірістер	243	621
	8.940.056	8.130.994

Электр энергиясын сатудан түскен түсім

ҚР Энергетик министрлігінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 514 Бұйрығына сай электр энергиясын өндірушілер үшін (ЭӨҰ) 2019-2025 жылдарға белгіленген шекті тарифтермен 43 топ құрылды.

Компания үнемі өзгеріп отыратын электр энергиясының шекті тарифімен 31-ші ЭПО тобына кірді:

- 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚҚС сомасын ескерместен 8,73 теңге/кВт-с,
- 2019 жылғы 1 қарашадан бастап ҚҚС сомасын ескерместен 8,94 теңге/кВт-с,
- 2020 жылғы 1 шілдеден бастап ҚҚС сомасын ескерместен 10,40 теңге/кВт-с,
- 2021 жылғы 1 сәуірден бастап ҚҚС сомасын ескерместен 13,39 теңге/кВт-с,
- 2021 жылғы 1 шілдеден бастап ҚҚС сомасын ескерместен 12,44 теңге/кВт-с.

Компания электр энергиясын белгіленген шекті тарифтен аспайтын бағаға сатты.

2021 жылғы 1 шілдеден бастап шекті тарифті қалыптастыруға өзгерістер енгізілді - шекті тарифтің құрылымынан жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып өндірілетін бөгде электр энергиясына арналған шығындар алынып тасталды, бірақ осы шығындарды өтеу мақсатында ЭӨҰ оларды шекті тарифке өтпелі үстемеақы түрінде қосуға рұқсат етілді («Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 52 және 2-11-тармақшалары).

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға арналған осы үстемеақының мөлшерін «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС жариялады.

Компания үстемеақы тең болатын электр энергиясын тұтынудың бірінші аймағы бойынша шартты тұтынушы болып табылады:

- 2021 жылғы 1 шілдеден бастап ҚҚС сомасын ескерместен 1,57 теңге/кВт-с,
- 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚҚС сомасын ескерместен 1,58 теңге/кВт-с,
- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚҚС сомасын ескерместен 1,97 теңге/кВт-с.

2023 жылғы 1 шілдеден бастап «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі ҚР Заңының және «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі ҚР Заңының ережелерінің өзгеруіне байланысты барлық ЭӨҰ үшін электр энергиясын өткізу талаптары былайша өзгерді:

- жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған үстемеақы алынып тасталды;
- өткізу Бірыңғай сатып алушыға – «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС болып табылатын уәкілетті мемлекеттік операторға орталықтандырылған сауда-саттықта шекті тарифтен аспайтын баға бойынша жүргізіледі.
- орталықтандырылған сауда-саттықта өткізілмеген электр энергиясының шағын үлесі операторы «Электр энергиясы мен қуаты нарығының қазақстандық операторы» АҚ (ЭҚНҚО) болып табылатын теңгерімдеуші нарықта өткізілуі мүмкін.

Электр қуатының әзірлігін қолдау қызметтерін көрсетуден түскен түсім

2019 жылғы қаңтардан бастап «Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту туралы» ҚР Энергетика министрінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 514 бұйрығына сай қуатты қолдау қызметінің шеңберінше қосымша төлемдер көзделген. ЭӨҰ жыл сайын жүйелік оператор – «КЕГОК» АҚ-да электр станциясының қуатын аттестаттаудан өтеді, бұл ретте «КЕГОК» АҚ электр станцияларының қуатын төмендету/өзгерту жөніндегі жүйелік оператордың талаптарын орындамаған кезде ай сайынғы төмендету коэффициенттерін қолдануға болады. 2023 жылы Компания үшін аттестатталған қуат айына шамамен 85 МВт құрады.

Электр қуатының әзірлігін қолдау жөніндегі қызметке арналған шарт «Электр энергиясының жаңартылатын көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС уәкілетті компаниясымен жасалады. Барлық ЭӨҰ үшін қызмет бағасы электр қуатымен жыл сайынғы орталықтандырылған сауда-саттықта белгіленеді және мыналарды құрайды:

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

- 2022 жылға - 1 МВт аттестатталған қуат үшін айына 590 мың теңге,
- 2023 жылға - 1 МВт аттестатталған қуат үшін айына 590 мың теңге,
- 2024 жылға - 1 МВт аттестатталған қуат үшін айына 1 055 мың теңге.

Электр энергиясын өткізу және электр қуатының әзірлігін қолдау қызметтерін көрсету Қазақстан Республикасының аумағында орын алды және солар бойынша түсім уақыт ішінде танылады.

18. САТУДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

<i>Мың теңгемен</i>	2023 жыл	2022 жыл
Тозу және амортизация	2.122.094	2.163.318
Құрғақ жағар газ	1.975.518	1.562.467
Электр энергиясы	764.765	1.148.065
Жалақы және тиісті салықтар	522.761	407.278
Қызметкерлердің тамақтануы	95.615	96.013
Материалдар	64.002	100.026
Күзет	35.420	43.216
Байланыс қызметтері бойынша шығыстар	21.147	21.436
Жөндеу және қызмет көрсету	16.698	62.538
Басқасы	61.372	71.009
	5.679.392	5.675.366

2014 жылғы мамырдан бастап құрғақ жағар газды жеткізумен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ айналысты.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-мен келісімшарт 2014 жылғы 4 мамырда жасалды және 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

19. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

<i>Мың теңгемен</i>	2023 жыл	2022 жыл
Жалақы және тиісті салықтар	575.926	557.406
Кәсіби қызметтер	130.057	145.183
Тозу және амортизация	59.762	61.225
Табыс салығынан басқа салықтар	56.011	59.587
Үй-жайларды жалдау	30.976	29.498
Іссапар шығыстары	27.854	27.226
Сақтандыру шығыстары	20.680	51.453
Материалдар	23.350	18.842
Коммуналдық шығыстар	3.148	2.739
Банктік қызметтер	2.059	2.467
Жөндеу және қызмет көрсету	3.690	665
Басқасы	5.119	4.208
	938.632	960.499

20. САТУ ШЫҒЫСТАРЫ

<i>Мың теңгемен</i>	2023 жыл	2022 жыл
Диспетчерлеу қызметтері	219.505	216.830
Тозу және амортизация	78.655	80.103
Теңестіру бойынша қызметтер	58.281	85.322
Электр энергиясын беру қызметтері	50.838	72.914
Жалақы және тиісті салықтар	25.677	26.875
Басқасы	9.700	3.080
	442.656	485.124

Диспетчеризация мен теңестіру шығындары өзінің электрберу желілері арқылы электр энергиясының көлемін бөлу және желілерде электр кернеуінің лайықты деңгейін қолдау жөніндегі «Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ («КЕГОК» АҚ) көрсеткен қызметтерге жатады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін****21. ҚАРЖЫ ШЫҒЫНДАРЫ**

<i>Мың теңгемен</i>	2023 жыл	2022 жыл
Қарыздар бойынша пайыздар	3.438.532	2.427.996
Пайыздық қарыздар бойынша дисконт амортизациясы (13-ескертпе)	110.371	166.732
Келісімшарттардың бағалау міндеттемелері бойынша дисконт амортизациясы (14-ескертпе)	106.163	66.096
Жалдау міндеттемелері бойынша пайыздар	14.724	19.215
Қарызға алынған қаражат бойынша комиссия амортизациясы	198.444	4.730
	3.868.234	2.684.769

22. БАСҚА ДА ШЫҒЫСТАР

<i>Мың теңгемен</i>	2023 жыл	2022 жыл
Барлау активтерінің құнын есептен шығару (7-ескертпе)	1.960.964	-
Сомадағы айырма	111.605	167.467
Негізгі құралдардың шығуынан болған залал	4.042	12.538
Басқасы	21.033	25.323
	2.097.644	205.328

23. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ҮНЕМДІЛІК

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін табыс салығы бойынша үнемділік/(шығыстар) былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2023 жыл	2022 жыл
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	590.182	415.608
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша үнемділік	(1.436.007)	(756.075)
	(845.825)	(340.467)

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін 20% мөлшеріндегі табыс салығының мөлшерлемесіне көбейтілген табыс салығының шығыстары мен бухгалтерлік пайда арасында салыстыру:

<i>Мың теңгемен</i>	2023 жыл	2022 жыл
Салық салынғанға дейінгі зиян	(3.788.192)	(1.817.397)
Табыс салығының ресми мөлшерлемесі	20%	20%
20% мөлшеріндегі тиімді мөлшерлеме бойынша табыс салығының теориялық үнемділігі	(757.638)	(363.479)
Тұрақты айырмалардан салық әсері:		
Есептен шығарылмайтын желілердегі шығындар бойынша шығыстар	18.981	19.330
Қарыздар бойынша дисконт амортизациясы	43.307	46.565
Алдыңғы кезеңдер үшін кейінге қалдырылған салықты түзету	(138.904)	-
Басқа да салық салынбайтын кірістер	(11.571)	(42.883)
Жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген табыс салығы бойынша үнемділік	(845.825)	(340.467)

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

31 желтоқсанға кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерінің құрамдастары былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2023 жылғы 31 желтоқсан	Пайда мен зиян арқылы өзгеру	2022 жылғы 31 желтоқсан	Пайда мен зиян арқылы өзгеру	2022 жылғы 1 қаңтар
Кейінге қалдырылған салық активтері					
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв	9.875	1.622	8.253	(3.831)	12.084
Табыс салығынан басқа салықтар	379	379	–	(16.627)	16.627
Өткен жылдары болған залалдар	33.388	260	33.128	(5.692)	38.820
Барлау және бағалау активтері	3.082.695	1.135.307	1.947.389	506.164	1.441.225
Күтілетін кредиттік зияндар бойынша үмітсіз борыштарды өтеуге арналған шығыстар	31	-	31	–	31
Келісімшарттар бойынша бағалау міндеттемелері	130.507	6.705	123.802	13.219	110.583
Кассалық әдіспен ескерілетін сыйақылар бойынша міндеттемелер	12.399	(13.319)	25.718	15.935	9.783
Өзара есепке алынатын кейінге қалдырылған салық активтері	(46.284)	(14.441)	(31.843)	-	(57.003)
Кейінге қалдырылған салық активтерінің жиыны	3.222.990	1.116.513	2.106.478	509.168	1.572.150
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері					
Мұнай-газ активтерін қоспағанда, негізгі құралдар	(2.230.460)	305.053	(2.535.513)	246.907	(2.782.420)
Өзара есепке алынатын кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	46.284	14.441	31.843	-	57.003
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің жиыны	(2.184.176)	319.494	(2.503.670)	246.907	(2.725.417)
Пайда және зиян арқылы кейінге қалдырылған салық бойынша үнемділік	-	1.436.007	-	756.075	-

24. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР

«Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» 24 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес, тараптардың бірінің екіншінің қаржылық және операциялық шешімдеріне елеулі әсер ету немесе бақылау мүмкіндігі бар тараптар байланысты деп саналады. Тараптардың байланыстылығы туралы мәселені шешу кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, тараптардың өзара қарым-қатынастарының мазмұны да ескеріледі.

Байланысты тараптар байланысты емес тараптардың арасында жасалмайтын мәмілелерге кіре алады және мұндай мәмілелердің бағалары мен шарттары байланысты емес тараптардың арасындағы мәмілелердің бағалары мен шарттарынан ерекшеленуі мүмкін.

Байланысты тараптарға Топтың, акционерлердің негізгі басқарушы персоналы, акционерлердің жалпы бақылауындағы ұйымдар жатады.

Топ елеулі мәмілелерді жасаған және 2023 жылғы 31 желтоқсанға мәмілелер бойынша елеулі өтелмеген сальдосы болған байланысты тараптармен өзара қатынастардың сипаты былайша көрсетілген:

Байланысты тараптармен мәмілелер бойынша сальдо

<i>Мың теңгемен</i>	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
Қарыздар бойынша акционерлер алдындағы міндеттеме (13-ескертпе)	804.154	804.154
Акционерлердің жалпы бақылауындағы ұйымдардың алдындағы кредиторлық берешек (15-ескертпе)	5.046	590.288
Жалдау бойынша міндеттемелер	103.245	137.880
Жалпы және әкімшілік шығыстар	2.984	2.573
Қаржылық шығындар	14.724	18.865

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы

2023 жылғы 31 желтоқсанға негізгі басқарушы персоналға 11 адам кіреді (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 11 адам). 2023 жылы 331.038 мың теңге (2022 жылы: 312.130 мың теңге) мөлшерінде жалақыдан және басқа да қысқа мерзімді төлемдерден тұрған негізгі басқарушы персоналға төленген жалпы сыйақы сомасы жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылды.

25. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Тауарларды жылдық сатып алу бағдарламасы бойынша міндеттемелер

Топ жыл сайын сатып алулар өткізу үшін жоспарланған 1 ақпаннан кешіктірмей жыл сайын не болмаса Пайдалы қазбаларды пайдалануға арналған келісімшарттар тіркелген күннен бастап күнтізбелік 60 күннен кешіктірмей құзырлы органға Үкімет бекіткен үлгі нысандар мен тәртіп бойынша алдағы жылға «жер қойнауын пайдалану» қызмет түрі бойынша тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жылдық сатып алу бағдарламасын ұсынуға міндетті.

Топ жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің және олардың өндірушілерінің тізілімінде тіркелуге міндетті.

2022 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басшылық Топ тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасы бойынша өзінің барлық міндеттемелерін толығымен орындап шықты деп есептейді.

Жұмыс бағдарламасы бойынша міндеттемелер

Топтың жыл сайын 25 қаңтардан кешіктірмей құзырлы органға Үкімет бекіткен үлгі нысандар мен тәртіп бойынша өткен жылға арналған Келісімшарттар бойынша лицензиялық-келісімшарттық талаптарды орындау туралы есепті (Жұмыс бағдарламасы) ұсыну міндеттемесі бар.

2022 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басшылық Топ жұмыс бағдарламасы бойынша өзінің барлық міндеттемелерін толығымен орындап шықты деп есептейді.

Қазақстандық қамту бойынша міндеттемелер

Жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттардың талаптарына сәйкес барлауды жүргізу кезінде Топ қазақстандық кадрларға басымдық беруге міндетті. Бұл ретте жұмысқа тартылатын кадрлардың жалпы көлемінде пайыздық ара қатынаста қазақстандық кадрларды тарту мыналарды құрауы тиіс:

- Басшылар мен олардың орынбасарлары бойынша 75%-дан кем емес;
- Құрылымдық бөлімшелердің басшылары бойынша 90%-дан кем емес;
- Мамандар бойынша 90%-дан кем емес;
- Білікті жұмысшылар бойынша 100%-дан кем емес.

Егер мұндай қызметтер Қазақстан Республикасының резидент еместері көрсететін біртекті жұмыстар мен қызметтердің стандарттарына, бағалық және сапалы сипаттамаларына сәйкес келсе, Топ, әуе, теміржол, су және басқа да көлік түрлерін пайдалануды қоса алғанда, барлау операцияларын жүргізу кезінде жұмыстарды, қызметтерді қазақстандық өндірушілерді тартуға міндетті.

Топ Қазақстан Республикасында шығарылған құрал-жабдықтарды, материалдар мен дайын өнімді, олардың жер қойнауын пайдаланушы өткізетін конкурстың талаптары мен Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес келуі шартымен пайдалануға міндетті.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

25. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)**Қазақстандық қамту бойынша міндеттемелер (жалғасы)**

Жер қойнауын пайдалану келісімшарттарына сай барлау бойынша операцияларды жүргізу кезінде келісімшарттар бойынша жергілікті қамтудың мөлшері жыл сайын кем дегенде мыналарды құруы тиіс:

3996-УВС келісімшарты бойынша

- жұмыстарға қатысты 74%;
- қызметтерге қатысты 74%.
- тауарларға қатысты 0%.

5276-УВС келісімшарты бойынша

- жұмыстарға қатысты 75%;
- қызметтерге қатысты 80%.
- тауарларға қатысты 5%.

5284-УВС келісімшарты бойынша

- жұмыстарға қатысты 74%;
- қызметтерге қатысты 74%.
- тауарларға қатысты 14%.

2022 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басшылық Топ қазақстандық қамту бойынша өзінің барлық міндеттемелерін толығымен орындап шықты деп есептейді.

Қызмет талаптары

Қазақстан Республикасының Үкіметі, нарықтық экономика талаптары қажет етіп отырғандай, экономикалық реформалар мен өзінің заңнамалық, салық және нормативтік базасын әзірлеуді жүзеге асыруда. Қазақстан экономиканың тұрақтылығы осы реформалар мен әзірлеулерге және үкімет қолға алатын экономикалық, қаржылық және монетарлық шаралардың тиімділігіне едәуір байланысты.

Геосаяси жағдай

Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы қақтығыстың нәтижесінде көптеген елдер жекелеген ресейлік заңды тұлғалар мен Ресей азаматтарына қарсы жаңа санкциялар енгізді және енгізуді жалғастыруда. Беларусь Республикасына қатысты санкциялар да енгізілді.

Шикізат тауарлары бағасының, шетел валюталары бағамдарының ықтимал ауытқуларына, импорт пен экспортқа қойылған шектеулерге, жергілікті материалдар мен қызметтердің қол жетімділігіне және жергілікті ресурстарға қол жетімділікке қатысты жағдай Ресейде, Беларусияда немесе Украинада белсенді қызмет жүргізетін немесе тәуекелге ұшыраған немесе олармен байланысы бар компанияларға тікелей әсер етеді. Алайда, қалыптасқан жағдайдың салдары жанжалға қатысушы елдерге тікелей қатысы бар компанияларға ғана емес, тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)***Инфляция және ағымдағы экономикалық жағдайлар*

Макроэкономикалық және геосаяси ортаның әсері әлемнің барлық елдерінде инфляциялық қысымды күшейтті. Жоғары және өсіп келе жатқан энергия бағалары басқа тауарлар мен қызметтердің құнына теріс әсер етеді, бұл көптеген елдерде тұтыну бағасының айтарлықтай өсуіне әкеледі.

Көптеген тауарлардың, соның ішінде азық-түліктің бағасы осы жылдың басында рекордтық деңгейден төмендегенімен, олар жоғары болып қала береді. 2023 жылы Қазақстандағы инфляция 9,8% болды (2022 жылы: 20,3%).

Геосаяси шиеленістің өсуіне орай қор және валюта нарықтарында құбылмалылықтың едәуір өсуі байқалуда. 2023 жылғы 24 қарашада Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің («ҚРҰБ») Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1% пайыздық тармақ пайыздық дәлізімен жылдық 15,75%-ға дейін төмендету туралы шешімді қабылдады.

Компания өзгеріп жатқан экономикалық жағдайлардың өз қызметіне, қаржылық жай-күйі мен қаржылық нәтижелеріне әсерін бағалауды жалғастыруда.

Ағымдағы инфляциялық қысым, макроэкономикалық және геосаяси белгісіздік активтер мен міндеттемелерді бағалауға байланысты болжамдар мен белгісіздіктерге әсер етеді.

Салық салу

Қазақстан Республикасының салық заңнамасы мен нормативтік базасы тұрақты өзгерістерге ұшырағыш келеді және түрлі талқылауларға жол береді. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының ХҚЕС-тің кірістерді, шығыстарды және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің басқа да шоттарын есепке алу жөніндегі түсіндірмелеріне қатысты арасында болатын пікірлерде келіспеушіліктер сирек емес. Қазақстандық салық заңнамасын анықталған және расталған бұзушылықтары үшін қолданыстағы айыппұлдар мен өсімпұлдар режимі өз қатандығымен ерекшеленеді. Айыппұл мөлшері, әдетте, қосымша есептелген салық сомасының 80% құрайды, ал өсімпұлдар Қазақстанның Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің негізінде, 1,25 көбейтілген етіп есептеледі. Нәтижесінде айыппұлдар мен өсімпұлдар сомасы есептелген салықтардың сомасынан бірнеше рет асып түсуі мүмкін.

Салық тексерулері тексеру жылының алдындағы қызметтің бес күнтізбелік жылын қамтуы мүмкін. Қазақстандық салық жүйесімен байланысты белгісіздіктердің күшіне орай есептелген салықтардың, өсімпұлдар мен айыппұлдардың жиынтық сомасы (егер ондайлар болса) қазіргі күнге дейін шығыстарға жатқызылған және 2023 жылғы 31 желтоқсанға есептелген сомадан асып түсуі мүмкін.

Топ салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді уақтылы әрі толық көлемде төлеуге міндетті. Келісімшарттың шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық міндеттемелерін есептеу салық заңнамасына сәйкес жасалады. Келісімшарттың шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салық міндеттемелерінің орындалуы жер қойнауын пайдаланушыны салық міндеттемесінің пайда болу күніне қолданылатын мемлекеттің салық заңнамасына сәйкес келісімшарттың шеңберінен шығатын мемлекетте қызметті жүзеге асыру бойынша салық міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

Жазылу бонусы бойынша төлемді жасау кезеңділігі мен тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Төлемдер уақтылы жасалды.

Басшылықтың пікірінше, 2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша заңнаманың қолданыстағы ережелері дұрыс түсіндірілді және салық заңнамасына байланысты Топ орналасқан жағдайды сақтап қалу мүмкіндігі жоғары болып табылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**25. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Қоршаған ортаны қорғау мәселелері**

Топ барлау бойынша операцияларды жасау салдарынан бұзылған жер учаскелері мен басқа да табиғи объектілерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес одан әрі де пайдалануға жарамды күйге дейін қалпына келтіруге міндетті. Сондай-ақ Топ өңірлік табиғатты қорғау органдарының тарапынан болған шағымдардың нәтижесінде әлеуетті шығындарды көтере алады.

Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдерді және учаскелерді қалпына келтіру жұмыстарын реттейтін қазақстандық заңнама мен нормативтік актілердің дамуына қарай Топ келешекте шығындар көтере алады, әрі олардың мөлшерін қазіргі уақытта мұндай шығындар үшін жауапкершілік көтеретін тараптарды анықтауға қатысты белгісіздік және Үкіметтің қоршаған ортаны қалпына келтіру шығындарын төлеу бойынша тартылған тараптардың мүмкіндіктерін бағалау сияқты факторлардың ықпалына орай айқындау мүмкін емес. Басшылықтың пікірінше, мұндай шығындар Топтың қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер тигізе алмайды және тиісінше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілікте құқық қорғау органдарының тарапынан ықтимал шағымдар немесе айыппұлдар бойынша резервтер көрсетілмеген.

Дегенмен қолайсыз жағдайда қазақстандық бақылау органдарының тарапынан әлеуетті шағымдар немесе айыппұлдар Топ қызметінің келешек нәтижелеріне немесе оның қандай да бір есепті кезеңдерде ақша қаражатының қозғалысына айтарлықтай ықпал етуі мүмкін.

26. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Негізгі қаржы құралдары шаруашылық қызметті жүргізуден тікелей туындайтын ақша қаражаты мен оның баламаларынан, сауда дебиторлық берешектен және сауда кредиторлық берешектен тұрады. Топ қаржы құралдарымен сауда жасаған жоқ.

Топ нарықтық тәуекелге, кредиттік тәуекелге және өтімділік тәуекеліне ұшырағыш. Топ басшылығы мұндай тәуекелдерді басқару процесін бақылайды.

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел контрагент қаржы құралының шарты бойынша немесе клиенттік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамайтындығының тәуекелін білдіреді, бұл қаржылық шығындарға әкеп соқтырады. Топ өзінің операциялық қызметінің нәтижесінде кредиттік тәуекелге ұшырағыш келеді.

Топта әлеуетті кредиттік тәуекел туындайтын қаржы активтері негізінен сауда дебиторлық берешекпен білдірілген. Топ тауарлар мен қызметтердің өткізілуі тек тиісті кредиттік тарихы бар сатып алушыларға ғана жасалуына бағытталған процедураларды әзірледі. Топ тауарларды өткізу және қызметтерді көрсету кезінде қамтамасыз етуді талап етпейді. Күмәнді берешек бойынша резервті шегере отырып дебиторлық берешектің баланстық құны кредиттік тәуекелге ұшыраған ең көп соманы білдіреді. Дебиторлық берешекті өтеу үрдістері экономикалық факторлардың ықпалына ұшырағыш келетіндігіне қарамастан Топ басшылығы құрылған резерв сомасынан артық елеулі шығындар тәуекелі жоқ деп есептейді.

Келесі кестеде Moody's Investors Service агентінің кредиттік рейтингісін қолдана отырып есепті күнге банктерде орналастырылған ақша қаражаты мен оның баламалары, сондай-ақ пайдалануы шектеулі қаражат бойынша сальдо көрсетілген.

<i>Мың теңгемен</i>	Орналасқан жері	Рейтинг		31 желтоқсанға	
		2023 жыл	2022 жыл	2023 жылғы	2022 жылғы
«Банк «Bank RBK» АҚ	Қазақстан	B1/Позитивті	B2/Позитивті	582.724	651.995
«Халық Банкі» АҚ	Қазақстан	Baa2/Тұрақты	Baa2/Тұрақты	81.063	84.727
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	Қазақстан	Baa2/Позитивті	Baa2/Тұрақты	151	183
				663.938	736.905

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**26. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі – бұл Топта қаржылық құралдарға байланысты міндеттемелерді өтеуге қажетті қаражат алуда туындайтын қиындықтар тәуекелі. Өтімділік тәуекелі оның әділ құнына жуық құны бойынша қаржы активін шұғыл өткізу мүмкіндігінің болмауы нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

Ағымдағы өтімділікті жоспарлау құралын қолдана отыра, Топ ақшалай қаражаттардың дефициті тәуекеліне бақылау жасайды. Бұл құрал қаржылық инвестицияларды және қаржы активтерін өтеу мерзімін ескереді.

Келесі кестеде келісімшартты дисконтталмаған төлемдердің негізінде 31 желтоқсанға Топтың қаржылық міндеттемелерін өтеу мерзімдері бойынша жиынтық деректер келтірілген.

<i>Мың теңгемен</i>	Талап өтілгенге дейін	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам	Жиыны
2023 жылғы 31 желтоқсанға						
Пайыздық қарыздар	1.444.935	–	13.309.832	804.149	–	15.558.916
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	1.106.627	291.851	–	–	–	1.398.478
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	–	50.961	–	–	–	50.961
Жалдау бойынша міндеттемелер	–	12.386	37.157	70.186	–	119.729
	2.551.562	355.198	13.346.989	874.335	–	17.128.084
2022 жылғы 31 желтоқсанға						
Пайыздық қарыздар	804.154	11.595.817	8.201.706	1.662.619	–	22.264.296
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	–	203.436	585.000	–	–	788.436
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	–	42.848	–	–	–	42.848
Жалдау бойынша міндеттемелер	–	12.386	38.689	121.261	–	172.336
	804.154	11.854.487	8.825.395	1.783.880	–	23.267.916

Қаржылық қызметпен негізделген міндеттемелердегі өзгерістер

<i>Мың теңгемен</i>	2023 жылғы 1 қаңтар	Негізгі борыш бойынша ақша ағындары	Ұзақ мерзімді бөлікті қысқа мерзімді бөлікке қайта жіктеу	Валюта бағамдары ның өзгеруі	Төленген сыйақы	2023 жылғы 31 желтоқсан Басқасы*
Қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі	1.470.892	–	(1.521.543)	–	–	50.651
Қарыздардың қысқа мерзімді бөлігі	18.721.691	(4.613.991)	1.521.543	(152.274)	(3.924.206)	3.696.184
	20.192.583	(4.613.991)	–	(152.274)	(3.924.206)	3.746.835
						15.248.947
<i>Мың теңгемен</i>	2022 жылғы 1 қаңтар	Негізгі борыш бойынша ақша ағындары	Ұзақ мерзімді бөлікті қысқа мерзімді бөлікке қайта жіктеу	Валюта бағамдары ның өзгеруі	Төленген сыйақы	2022 жылғы 31 желтоқсан Басқасы*
Қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі	8.305.880	–	(7.006.451)	–	–	171.463
Қарыздардың қысқа мерзімді бөлігі	12.821.961	(759.118)	7.006.451	100.231	(2.875.830)	2.427.996
	21.127.841	(759.118)	–	100.231	(2.875.830)	2.599.459
						1.470.892
						18.721.691
						20.192.583

* Басқаға есептелген сыйақы, капиталға айналдырылған сыйақы, дисконттың мойындалуы, дисконт амортизациясы жатады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**26. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Нарықтық тәуекел**

Нарықтық тәуекел қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелін білдіреді. Нарықтық тәуекелге тәуекелдің екі типі жатады: пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі және валюталық тәуекел. Нарықтық тәуекелге ұшыраған қаржы құралдарына пайыздық қарыздар, сауда кредиторлық берешек және ақша қаражаты мен оның баламалары кіреді.

Топ ақша қаражаты мен оның баламаларына қатысты нарықтық тәуекелді саралап, оның жіктелуі төмен деген тұжырымға келді. Резерв сомасы елеусіз және шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылмайды.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны шетел валюталары бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Топтың валюталық тәуекелге ұшырағыштығы бірінші кезекте шетел валютасы - АҚШ долларында білдірілген Топтың қарыз алу балансымен байланысты. Осылайша, валюта бағамдарының өзгерісі Топтың қаржылық жағдайына айтарлықтай ықпал ете алады.

Төмендегі кестеде Топтың 31 желтоқсанға салық салынғанға дейінгі табысының (ақша активтері мен міндеттемелерінің әділ құнындағы өзгерістерінің салдарынан) басқа да өзгермелілердің өзгермеуі кезінде негізді түрде болжауға болатын АҚШ долларының айырбастау бағамдарының өзгеруіне сезімталдылығы көрсетілген. Топтың капиталына әсер ету жоқ.

	2023 жыл		2022 жыл	
	Айырбастау бағамының ұлғаюы / (азаяуы)	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері	Айырбастау бағамының ұлғаюы / (азаяуы)	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері
<i>Мың теңгемен</i>				
АҚШ доллары	14.15%	(1.789.195)	21.00%	74.229
	-14.15%	1.789.195	-21.00%	(74.229)

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі, ең алдымен, Топтың құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар ұзақ мерзімді борыштық міндеттемелеріне жатады. 2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздардың жоқ болуына орай бұл тәуекелі алынып тасталған.

Капиталды басқару

Топтың капиталын басқарудың басты мақсаты қызметін қолдау және акционерлер капиталының құнын барынша көбейту мақсатында капитал толықтығының тұрақты коэффициенттерін қамтамасыз ету болап табылады.

Бұдан әрі, Топ салалық нормалар мен тәжірибеге сәйкес капитал құрылымын қолдап тұруға ниетті, бұл инвестициялық мүмкіндіктер мен қарыз қаржыландыруының қолжетімділігін назарға ала отырып уақыт кезеңінің ішінде қол жеткізіледі.

Топ капиталдың құрылымын басқарады және экономикалық жағдайдың өзгеруіне сәйкес оны өзгертеді. 2023 және 2022 жылдардың ішінде мақсатқа, саясатқа немесе процестерге еш өзгерістер енгізілмеді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**26. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Қаржы құралдарының әділ құны**

Активтің сатылғаны үшін түскен немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасындағы әдеттегі мәміленің барысында міндеттемелердің берілгені үшін төленген баға қаржылық активтер мен міндеттемелердің әділ құны болып табылады. Келесі әдістер мен жорамалдар әділ құнды бағалау үшін пайдаланылды:

- Ақша қаражаты мен оның баламаларының, сауда және басқа да дебиторлық берешектің және сауда кредиторлық берешектің әділ құны бұл қаржы құралдарының қысқа мерзімді сипатының салдарынан шамамен олардың баланстық құнына тең болады;
- Ұзақ мерзімді тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздарды топ келесі параметрлердің негізінде бағалады: пайыздық мөлшерлемелер, елдің айрықша тәуекел факторлары.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын анықтау кезінде пайдаланатын жорамалдарды қолдана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің ең үздік мүдделерінде әрекет етеді деп болжануда.

Компания мұндай бағалау әдістемелерін пайдаланады, әрі олар мұндай жағдайларда орынды болып табылады және солар үшін әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болып табылады, бұл ретте релевантты қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, қадағаланбайтын бастапқы деректерді мейлінше азайтуға мүмкіндік береді.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың 1-деңгейдегі қаржы құралдары ретінде жіктелген қаржы құралдары болмады.

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына аяқталған жылдар үшін қаржы құралдарының әділ құнының иерархия деңгейлері арасында ауысулар болған жоқ.

Төменде қаржылық жағдай туралы есепте санаттар бойынша көрсетілген Компанияның қаржы құралдарының баланстық және әділ құнының салыстыруы келтірілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2023 жыл		2022 жыл	
	Баланстық құн	Әділ құны	Баланстық құн	Әділ құны
Қаржы активтері				
Ақша қаражаты мен оның баламалары (2-деңгей)	308.685	308.685	382.265	382.265
Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты (2-деңгей)	355.071	355.071	352.876	352.876
Сауда дебиторлық берешек (3-деңгей)	350.452	350.452	279.172	279.172
Қаржылық міндеттемелер				
Пайыздық қарыздар (2-деңгей)	15.248.947	15.331.542	20.192.583	20.385.549
Сауда кредиторлық берешек (3-деңгей)				
Жалдау бойынша міндеттемелер (3-деңгей)	104.777	104.777	141.128	141.128

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**27. СЕГМЕНТТІК АҚПАРАТ**

Басқару мақсатында Топ әрқайсысының қызметіне сүйене отырып бизнес-бірліктерге бөлінген және келесі екі сегменттен тұрады:

- Электр энергиясын өндірумен және өткізумен айналысатын сегмент;
- Жер қойнауын пайдалану келісімшартының шеңберінде көмір сутекті ресурстарды барлаумен айналысатын сегмент.

Топ басшылығы операциялық шешімдерді қабылдайды және ресурстарды бөлу туралы шешімдерді қабылдау және олардың қызмет нәтижелерін бағалау мақсаттары үшін әрбір бизнес-бірлік қызметінің операциялық нәтижелеріне жеке мониторинг жасайды. Сегменттер қызметінің нәтижелері шоғырландырылған қаржылық есептілікте пайданың немесе залалдың негізінде бағаланады.

Төмендегі кестеде пайда мен зиян туралы ақпарат, сондай-ақ Топтың операциялық сегменттері бойынша активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2023 жылғы 31 желтоқсан		Жиыны
	Электр энергиясын өндіру және өткізу	Мұнай мен газды барлау және өндіру	
Түсім			
Сыртқы сатып алушыларға сату	8.940.056	–	8.940.056
Сегментаралық сатылым	–	–	–
Өткізудің өзіндік құны	(5.679.392)	–	(5.679.392)
Жалпы пайда	3.260.664	–	3.260.664
Өкімшілік шығыстар	(124.931)	(813.701)	(938.632)
Сату бойынша шығыстар	(442.656)	–	(442.656)
Басқа да кірістер	13.591	70.179	83.770
Басқа да шығыстар	(38.614)	(2.059.030)	(2.097.644)
Операциялық қызметтен түскен пайда / (зиян)	2.668.054	(2.802.552)	(134.498)
Қаржылық кірістер	64.261	4.874	69.135
Қаржылық шығындар	(277.412)	(3.590.822)	(3.868.234)
Бағамдық айырма, нетто	(559)	145.964	145.405
Салық салғанға дейінгі пайда / (зиян)	2.454.344	(6.242.536)	(3.788.192)
Корпоративтік табыс салығы бойынша (шығыстар)/үнемділік	(270.687)	1.116.512	845.825
Таза пайда / (зиян)	2.183.657	(5.126.024)	(2.942.367)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы	(2.214.823)	(22.983)	(2.237.806)
Шығыс ретінде танылған қорлардың құны	(2.119.067)	(25.305)	(2.144.372)
Жұмыскерлердің сыйақыларына шығыстар	(534.895)	(594.074)	(1.128.969)
Активтердің жиыны	19.669.619	31.948.565	51.618.184
Міндеттемелер жиыны	4.219.014	23.697.094	27.916.108

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**26. СЕГМЕНТТІК АҚПАРАТ (жалғасы)**

<i>Мың теңгемен</i>	2022 жылғы 31 желтоқсан		Жиыны
	Электр энергиясын өндіру және өткізу	Мұнай мен газды барлау және өндіру	
Түсім			
Сыртқы сатып алушыларға сату	8.130.994	–	8.130.994
Сегментаралық сатылым	–	–	–
Өткізудің өзіндік құны	(5.675.366)	–	(5.675.366)
Жалпы пайда	2.455.628	–	2.455.628
Өкімшілік шығыстар	(114.850)	(845.649)	(960.499)
Сату бойынша шығыстар	(485.124)	–	(485.124)
Басқа да кірістер	22.203	2.800	25.003
Басқа да шығыстар	(28.074)	(177.254)	(205.328)
Операциялық қызметтен түскен пайда / (зиян)	1.849.783	(1.020.103)	829.680
Қаржылық кірістер	36.516	71.679	108.195
Қаржылық шығындар	(383.366)	(2.301.403)	(2.684.769)
Бағамдық айырма, нетто	5.675	(76.178)	(70.503)
Салық салғанға дейінгі пайда / (зиян)	1.508.608	(3.326.005)	(1.817.397)
Корпоративтік табыс салығы бойынша (шығыстар)/үнемділік	(193.861)	534.328	340.467
Таза пайда / (зиян)	1.314.747	(2.791.677)	(1.476.930)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы	(2.266.557)	(15.043)	(2.281.600)
Шығыс ретінде танылған қорлардың құны	(1.699.078)	(8.237)	(1.707.315)
Жұмыскерлердің сыйақыларына шығыстар	(374.268)	(461.652)	(835.920)
Активтердің жиыны	19.747.798	31.431.998	51.179.796
Міндеттемелер жиыны	5.652.189	18.883.164	24.535.353

28. ЕСЕПТІ КҮННЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2024 жылғы 16 сәуірде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Топқа № KD 01-20-37-03 Банктік қарыз шарты бойынша қарызды өтеу мерзімін 2023 жылғы 8 желтоқсаннан 2028 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартуға дайын екенін хабарлады. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен тиісті қосымша келісімге банктер сұратқан құжаттарды ресімдегеннен кейін қол қойылады.